

**«Аграрлық несие корпорациясы»
акционерлік қоғамы**

Қаржылық есептілік

*2017 жыл үшін
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен*



EY

Building a better
working world

МАЗМҰНЫ**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ****ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**

Қаржылық жағдай туралы есеп	1
Пайда мен зияндар туралы есеп	2
Жиынтық кіріс туралы есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	5-6

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызметінің сипаты	7
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі	7
3. Есеп саясатының негізгі ережелері	8
4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар	21
5. Ақша қаражаты мен оның баламалары	22
6. Несиелік ұйымдардағы қаражат	22
7. Клиенттерге берілген несиелер	23
8. Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	23
9. Инвестициялық жылжымайтын мүлік	24
10. Негізгі құралдар	24
11. Материалдық емес активтер	25
12. Басқа да активтер	25
13. Акционердің алдындағы берешек	26
14. Несиелік ұйымдардың қаражаты	27
15. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	27
16. Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	28
17. Басқа да міндеттемелер	28
18. Салық салу	28
19. Капитал	30
20. Қызметкерлер құрамының шығыстары және өзге операциялық шығыстар	32
21. Шарттық және шартты міндеттемелер	32
22. Тәуекелдерді басқару	33
23. Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер	38
24. Қаржы құралдарының әділ құны	38
25. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау	41
26. Байланысты тараптармен операциялар	42
27. Капитал жеткіліктігі	43
28. Есепті күннен кейінгі оқиғалар	43

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамның Акционері мен басшылығына

Пікір

Біз «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Корпорация») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, пайда мен зияндар туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі - «ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (бұдан әрі - «БХЭСК Кодексі») сәйкес Корпорацияға қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қатысты бұл мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселеге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Біздің аудит барысындағы аудиттің шешуші мәселесінің қарастырылу жолы

Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві

Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резервінің деңгейін бағалау Корпорация басшылығы пайымдауының шешуші саласы болып табылады. Құнсызданудың белгілерін анықтау және өтелетін құнды айқындау субъективті пайымдауды айтарлықтай пайдалану, жорамалдарды пайдалану және түрлі факторларды, оның ішінде қарыз алушының қаржылық жай-күйін, күтілетін келешек ақша ағындарын және кепіл мүлкінің құнын талдау кіретін процесс болып табылады. Түрлі модельдер мен жорамалдарды пайдалану клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резервінің сомасына едәуір әсер ете алады.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жиынтығында Корпорация активтерінің жалпы сомасының 66% құрайтын клиенттерге берілген несиелердің едәуір сомаларының, сондай-ақ басшылық пайдаланған маңызды пайымдаулардың күшіне орай, құнсыздану резервін бағалау аудиттің шешуші мәселесін білдірді.

Біздің аудиторлық процедураларымызға клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануын бағалау әдістемесін талдау, сондай-ақ құнсыздану белгілерін анықтау процестеріне бақылау жасау және несиелердің құнсыздану резервін есептеу құралдарын талдау әрі тестілеу кіреді. Аудиторлық процедуралардың шеңберінде біз жорамалдарды талдап, Корпорация клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануын бағалау кезінде пайдаланған бастапқы деректерді жиынтық негізде, оған қоса зиян коэффициенттерін, дефолт ықтималдылығын және қайтарылмайтын шығындар деңгейін тестіледік. Біз болған шығындар жөніндегі статистикалық ақпаратты бағалау кезінде қолданылған Корпорация басшылығы пайымдауларының бірізділігін, сондай-ақ қолданылатын құнсыздану моделін ортақ қабылданған практикаға және біздің кәсіпқой пайымдауымызға сәйкестігін сараладық. Клиенттерге берілген елеулі несиелердің құнсыздануын дербес негізде бағалауға қатысты біз Корпорация басшылығының келешек ақша ағындарын алу бойынша үміттерін, оның ішінде біздік кәсіптік пайымдауымыздың және нарықта қол жетімді ақпараттың негізінде кепіл мүлкі өндіріліп алынған жағдайда талдадық.

Біз қаржылық есептіліктің 8 және 22-ескертпелерінде ашылып көрсетілген, клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві туралы ақпаратқа қатысты процедураларды орындадық.

Корпорацияның 2017 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Жылдық есепте қамтылған ақпарат жатады, бірақ қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Жылдық есеп, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Директорлар кеңесінің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Корпорацияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Корпорацияны таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесі Корпорацияның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Корпорацияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Корпорацияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Корпорацияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз Директорлар кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Директорлар кеңесіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Директорлар кеңесінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші - Бахтиёр Эшонкулов.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Бахтиёр Эшонкулов
Аудитор / Аудит жөніндегі партнер

Аудитордың 2012 жылғы 27 тамыздағы
№ МФ-0000099 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2018 жылғы 15 наурыз



Гульмира Тұрмағамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ-2,
№ 0000003, Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрлігімен 2005 жылғы
15 шілдеде берілген

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2017 жылдың 31 желтоқсанына***(мың теңгемен)*

	<i>Ескерт.</i>	2017 жыл	2016 жыл
Активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5	7.046.982	30.072.378
Несиелік ұйымдардағы қаражат	6	21.671.412	26.053.315
Клиенттерге берілген несиелер	7	163.555.462	135.725.198
Сатуға арналған активтер		443.657	–
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	8	51.175.874	23.306.474
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	9	337.694	348.631
Негізгі құралдар	10	242.056	208.369
Материалдық емес активтер	11	230.959	193.681
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	18	39.453	205.713
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер	18	1.744.732	1.459.287
Басқа да активтер	12	624.312	795.526
Активтер жиыны		247.112.593	218.368.572
Міндеттемелер			
Акционердің алдындағы берешек	13	13.745.153	13.361.704
Несиелік ұйымдардың қаражаты	14	1.515.288	–
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	66.867.978	51.648.620
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	16	9.891.167	2.192.352
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері		226.695	171.045
Басқа да міндеттемелер	17	2.307.634	622.563
Міндеттемелер жиыны		94.553.915	67.996.284
Капитал			
Жарғылық капитал	19	158.630.371	158.630.371
Қосымша төленген капитал	19	12.538.954	6.831.528
Резервтік капитал	19	2.546.627	1.086.111
Шартты бөлу резерві	19	(24.051.401)	(15.008.072)
Бөлінбеген пайда / (жинақталған зиян)		2.894.127	(1.167.650)
Капитал жиыны		152.558.678	150.372.288
Міндеттемелер мен капитал жиыны		247.112.593	218.368.572
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	19	960,27	946,72

Қоғам Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Нармұхан Қалмаханұлы Сарыбаев



Басқарма Төрағасы

Ирина Николаевна Зайнутдинова

Бас бухгалтер

2018 жылғы 15 наурыз

ПАЙДА МЕН ЗИЯНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<i>Ескерт.</i>	2017 жыл	2016 жыл
Пайыздық кірістер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары		3.609.472	2.668.972
Несиелік ұйымдардағы қаражат		3.931.053	1.836.697
Клиенттерге берілген несиелер		17.683.908	14.224.721
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар		2.958.575	80.096
		28.183.008	18.810.486
Пайыздық шығыстар			
Акционердің алдындағы берешек		(950.193)	(1.552.760)
Несиелік ұйымдардың қаражаты		(31.368)	–
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		(4.744.479)	(3.572.108)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек		(641.611)	(120.111)
Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешек		(4.914)	–
Басқа да міндеттемелер		(2.482)	–
		(6.375.047)	(5.244.979)
Таза пайыздық кіріс		21.807.961	13.565.507
Пайыздық кірістерді әкелетін активтердің құнсыздану резерві	6, 7	(8.818.614)	(6.629.690)
Пайыздық кіріс әкелетін активтердің құнсыздану резервін шегере отырып, таза пайыздық кіріс		12.989.347	6.935.817
Шетел валютасындағы операциядан болған таза зиян		(532)	(234)
Басқа да кірістер		217.829	248.092
Басқа да шығыстар		(1.196.477)	(196.552)
Пайыздық емес кірістер		(979.180)	51.306
Қызметкерлер құрамының шығыстары	20	(2.109.630)	(1.950.581)
Басқа да операциялық шығыстар	20	(1.512.903)	(1.288.657)
Пайыздық емес шығыстар		(3.622.533)	(3.239.238)
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда		8.387.634	3.747.885
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	18	(1.404.825)	(826.853)
Бір жылғы пайда		6.982.809	2.921.032
Жай акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)		44,02	26,25

Қоғам Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Нармұхан Қалмаханұлы Сарыбаев



Басқарма Төрағасы

Ирина Николаевна Зайтуллаева

Бас бухгалтер

2018 жылғы 15 наурыз

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

<i>Ескерт.</i>	<i>2017 жыл</i>	<i>2016 жыл</i>
Бір жылғы пайда	6.982.809	2.921.032
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс	-	-
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	6.982.809	2.921.032

Қоғам Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Нармұхан Қалмаханұлы Сарыбаев



Басқарма Төрағасы

Ирина Николаевна Зайтуллаева

Бас бухгалтер

2018 жылғы 15 наурыз

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңгемен)

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Шартты бөлу резерві	(Жинақталған зиян) / бөлінбеген пайда	Жиыны
2015 жылдың 31 желтоқсанына	94.227.371	5.291.347	1.086.111	(8.594.957)	(3.546.018)	88.463.854
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	2.921.032	2.921.032
Салықты шегере отырып, Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс (19-ескертпе)	-	1.540.181	-	-	-	1.540.181
Салықты шегере отырып, бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв (19-ескертпе)	-	-	-	(6.413.115)	-	(6.413.115)
Жарғылық капиталды ұлғайту (19-ескертпе)	64.403.000	-	-	-	-	64.403.000
Жарияланған дивидендтер (19-ескертпе)	-	-	-	-	(542.664)	(542.664)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	158.630.371	6.831.528	1.086.111	(15.008.072)	(1.167.650)	150.372.288
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	6.982.809	6.982.809
Салықты шегере отырып, Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс (19-ескертпе)	-	5.707.426	-	-	-	5.707.426
Салықты шегере отырып, бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв (19-ескертпе)	-	-	-	(9.043.329)	-	(9.043.329)
Резервтік капиталды ұлғайту	-	-	1.460.516	-	(1.460.516)	-
Жарияланған дивидендтер (19-ескертпе)	-	-	-	-	(1.460.516)	(1.460.516)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	158.630.371	12.538.954	2.546.627	(24.051.401)	2.894.127	152.558.678

Қоғам Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Нармұхан Қалмаханұлы Сарыбаев



Басқарма Төрағасы

Ирина Николаевна Зайтуллаева

Бас бухгалтер

2018 жылғы 15 наурыз

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<i>Ескерт.</i>	2017 жыл	2016 жыл
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Алынған пайыздар		19.851.249	15.057.565
Төленген пайыздар		(5.020.333)	(3.708.767)
Туынды қаржы құралдары бойынша іске асырылған кіріс		–	79.913
Шетел валютасындағы операциядан болған таза зиян		(532)	(234)
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(2.143.257)	(1.922.446)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(1.399.678)	(1.221.603)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары		11.287.449	8.284.428
<i>Операциялық активтердің таза (көбеюі)/азайуы</i>			
Несиелік ұйымдардағы қаражат		(2.498.637)	(16.681.137)
Клиенттерге берілген несиелер		(35.666.177)	(22.808.806)
Басқа да активтер		(157.332)	685.404
<i>Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі</i>			
Басқа да міндеттемелер		553.688	757.589
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза пайдаланылуы		(26.481.009)	(29.762.522)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(690.035)	(584.864)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза пайдаланылуы		(27.171.044)	(30.347.386)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздарды өтеуден түскен түсімдер		526.366.788	–
Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздарды сатып алу		(551.277.613)	(23.238.497)
Негізгі құралдарды сатып алу	10	(106.688)	(20.325)
Материалдық емес активтерді сатып алу	11	(59.164)	(71.672)
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза пайдаланылуы		(25.076.677)	(23.330.494)

7-43 бет аралығындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

	<i>Ескерт.</i>	<i>2017 жыл</i>	<i>2016 жыл</i>
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Жарғылық капиталды ұлғайтудан түскен түсімдер	19	–	64.403.000
Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыздарды тартудан түскен түсімдер		60.000.000	–
Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыздарды тартудан өтеулер		(60.000.000)	–
Несиелік ұйымдардан қарыздарды тартудан түскен түсімдер	14	1.500.000	–
Шығарылған бағалы қағаздар	15	14.997.895	22.826.050
Акционерден қарыздарды тартудан түскен түсімдер		4.924.242	45.519.031
Акционерден алынған қарыздарды өтеу		(3.336.264)	(59.739.473)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан қарыздарды тартудан түскен түсім		12.731.935	3.890.000
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан алынған қарыздарды өтеу		(134.967)	(19.810)
Дивидендтерді төлеу	19	(1.460.516)	(542.664)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		29.222.325	76.336.134
Есепті кезеңдегі ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі		(23.025.396)	22.658.254
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		30.072.378	7.414.124
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	7.046.982	30.072.378
Ақшалай емес операциялар			
Материалдық емес активтерді басқа активтерден аудару	11	45.000	–
Цессия шарты бойынша талап ету құқықтарын алу	17	1.282.221	–

Қоғам Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Нармұхан Қалмаханұлы Сарыбаев



(Handwritten signature of Narмухан Қалмаханұлы Сарыбаев)

Басқарма Төрағасы

Ирина Николаевна Зайтуллаева

(Handwritten signature of Ирина Николаевна Зайтуллаева)

Бас бухгалтер

2018 жылғы 15 наурыз

(мың теңгемен)

1. Қызметінің сипаты

«Аграрлық несиелік корпорациясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Қоғам») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды несиелеу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысымен құрылды. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының банк заңнамасымен көзделген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жанындағы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау комитеті берген 2013 жылғы 5 қарашадағы № 5.2.24 операцияларды жүргізуге арналған лицензияның негізінде жүзеге асырады. Қоғам қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚРҰБ») реттейді.

Қоғамның негізгі қызметінің мақсаты ауыл шаруашылығының секторын қолдау бойынша үкіметтік бағдарламаларды іске асыру, агроөнеркәсіптік кешенде өз жобаларын іске асыру үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту, агроөнеркәсіптік кешенде жобаларды әзірлеу және іске асыру, кепіл мүлкін және берілген қаражатты өтеу есебінен алынған ауыл шаруашылығы өнімін өткізу, тиісті лицензияның негізінде банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру, лизинг қызметін жүзеге асыру, Жарғыда көзделген, Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін, заңнамалық актілермен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері болып табылады.

Қоғамның қаржыландыру қызметінде қаражатты пайдалану бойынша айрықша талаптар мен шектеулер көзделген. Клиенттерге берілетін несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларын іске асырумен байланысты нарықтық мөлшерлемеден төмен болып табылады.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдинг» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚазАгро» немесе «Акционер») Қоғам акцияларының 100%-на иелік етеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қоғамның түпкі бақылаушы тарабы болып табылады.

2017 жылдың 31 желтоқсанына Қоғамның Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген 15 филиалы бар (2016 жылдың 31 желтоқсанына: 13 филиал).

Қоғамның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Иманов көшесі, 11.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХКЕС») сәйкес әзірленді.

Қаржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде аталып өткенді қоспағанда, нақты шығындар бойынша бағалауды есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

Осы қаржылық есептілік бір жай акция есебінен алынған деректерді қоспағанда немесе егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – «мың теңге») көрсетілген.

Есеп саясатындағы өзгерістер

Қоғам 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін стандарттарға бірқатар түзетулерді алғаш рет қолданды. Қоғам шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ. Әр түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған:

«Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» – «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама» 7 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулер ұйымның ақша ағындарымен негізделген өзгерістерді, сол сияқты солармен негізделмеген өзгерістерді (мысалға, валюта бағамдарының өзгеруінен болған пайда немесе зияндар) қоса алғанда, қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер туралы ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді. Қоғам ағымдағы, сол сияқты салыстырмалы кезең үшін ақпаратты 23-ескертпеде ұсынды.

(мың теңгемен)

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

«Пайдаға салынатын салықтар» – «Өткізілмеген шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін мойындау» 12 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулер ұйым іске асырылмаған шығындармен байланысты мұндай есептен шығарылатын уақыт айырмасын қалпына келтіру кезінде соған қарсы есептен шығаруды жасай алатын салық салынатын пайда көздерін салық заңнамасының шектейтіндігін ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді. Сонымен қатар, түзетулер қай ұйымның келешек салық салынатын пайданы айқындауға тиіс екендігіне қатысты нұсқауларды қамтиды және салық салынатын пайда сомасын олардың баланстық құнынан асатын кейбір активтердің өтелуін көздей алады. Түзетулердің қолданылуы Қоғамның қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне әсерін тигізбеді, өйткені Қоғамның есептен шығарылатын уақыт айырмалары немесе бұл түзетулерді қолдан аясына қатысты активтері жоқ.

«Басқа ұйымдарға қатысу туралы ақпаратты ашып көрсету» – «Талаптардың 12 ХКЕС-тегі (IFRS) ақпараттың ашылып көрсетілуіне қолданылу аяларын түсіндіру» 12 ХКЕС-ке (IFRS) түзетулер.

Түзетулер 12 ХКЕС-те (IFRS) ақпаратты ашып көрсетуге қатысты талаптар ұйымның еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан ұйымға қатысу үлесіне (немесе бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан ұйымдағы үлестің бір бөлігіне) қатысты қолданылатындығын түсіндіреді, әрі ол сатуға арналған деп жіктеледі (немесе шығатын топтың құрамына қосылады). Бұл түзетулер Қоғамның қаржылық жағдайына немесе қызмет нәтижелеріне әсерін тигізген жоқ.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері

Қаржы активтері

Бастапқы тану

39 ХКЕС (IAS) ережелеріне сәйкес қаржы активтері пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері; клиенттерге берілген несиелер және дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржы активтері ретінде жіктеледі. Есепке алуда бастапқы бейнелеу кезінде қаржы активтері әділ құны бойынша бағаланады. Егер инвестициялар пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктелмесе, есептілікте бейнелеу кезінде олардың әділ құнына мәміле бойынша тікелей байланысты шығасылар қосылады. Есепке алуда қаржы активтерін бастапқы бейнелеу кезінде оларға тиісті санат береді және одан кейін төменде сипатталған белгілі бір жағдайларда қаржы активтерін қайта жіктей алады.

Мойындау күні

Қаржы активтерін сатып алу және сату бойынша барлық стандарт операциялар операция мерзімінде, яғни Қоғам өзіне активті сатып алу бойынша міндеттеме алатын мерзімде бейнеленеді. Сатып алу немесе сату бойынша стандартты операцияларға қаржы активтерін сатып алу немесе сату операциялары жатады, әрі солардың шеңберінде активтерді заңнамада белгіленген немесе нарықта қабылданған мерзімде жеткізу талап етіледі.

«Бірінші күнгі кіріс»

Егер белсенді емес нарықтағы мәміле бағасы бір құрал бойынша бақыланатын нарықтағы ағымдағы нарықтық мәмілелердің әділ құнынан ерекшеленсе немесе алғашқы өлшемдері бақыланатын нарықтардағы ақпаратты ғана қамтитын бағалау әдістемесіне негізделсе, онда Қоғам пайда және зиянның құрамында мәміле бағасы мен әділ құн арасындағы айырманы («бірінші күнгі кіріс») дереу мойындайды. Тексерілмеген ақпарат пайдаланылған жағдайда мәміле бағасы мен үлгі негізінде айқындалған құн арасындағы айырма, тек егер бастапқы деректер тексерілетін болғанда немесе қаржы құралын мойындау тоқтаған жағдайда ғана пайда мен зиянның құрамында мойындалады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Клиенттерге берілген несиелер

Қаржы құралдарының басқа санаттарына жіктелетін активтерді қоспағанда, нарықтық баға белгілеуі жоқ ақша ағындарымен айқындалатын немесе тіркелген туынды қаржы құралдары болып табылмайтын қаржы құралдары клиенттерге берілген несиелерді білдіреді.

Қоғам беретін несиелер бастапқыда әділ құны бойынша есепте оған қоса болған операциялық шығасылар көрсетіледі. Қоғам клиенттерге нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша несиелер беру жөнінде несиелік міндеттемені қабылдайды, осы несиелік міндеттемелердің әділ құны бойынша міндеттеме, егер мұндай міндеттемені қабылдау шешімін Қоғам басшылығы қабылдаса, пайда мен зияндар туралы есепке немесе егер шешім акциялардың бақылау пакеті бар Акционерден алынған нұсқаулықтарға сәйкес қабылданса, акциялардың бақылау пакеті бар Акционерге болжамды бөлу ретінде сторнациялайтын жазбасымен қаржылық жағдай туралы есепте басқа міндеттемелерде ескеріледі.

Несиелік міндеттеме кейіннен несиелік берілгенге дейін пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша түзетіледі, әрі несиелік міндеттеме берілген ақша өтелуіне азаяды және қалған баланс клиенттерге берілген несиелер ретінде қаржылық жағдай туралы есепте ескеріледі. Нәтижесінде, клиенттерге берілген несиелер бастапқыда қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша мойындалады және кейіннен мұндай несиелер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Клиенттерге берілген несиелер кез келген құнсыздану резервтерін шегере отырып ескеріледі.

Әділ құнды бағалау

Қоғам туынды құралдар сияқты қаржы құралдарын әрбір есепті күнге әділ құны бойынша бағалайды. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат *24-ескертпеде* ашылып көрсетіледі.

Активтің сатылғаны үшін алынған немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттеменің берілгені үшін төленген баға әділ құны болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

Қоғам негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде нарыққа қатысушылар пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің ең шынайы мүдделерінде іс-қимыл жасайды. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

Өзара есепке алу

Қаржылық жағдай туралы есепте тек таза сальдоны бейнелей отырып, қаржы активтері мен міндеттемелерді өзара есепке алу өзара есепке алуды жүргізуге заңды бекітілген құқық және бір мезгілде міндеттемені реттеумен активті іске асыру ниеті болған кезде ғана жүзеге асырылады. Есепке алу құқығы келешектегі оқиғаға негізделмеуі тиіс және барлық келесі жағдайларда заңды күшке ие болуы тиіс:

- әдеттегі қызметтің барысында;
- міндеттемелер орындалмаған жағдайда; және
- ұйым немесе қарсы агенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болып қалған жағдайда.

Бұл шарттар, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық сомда көрсетіледі.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына активтің пайда болу күнінен бастап 90 (тоқсан) күннен артық емес өтеу мерзімі бар ағымдағы және депозит шоттарында пайдалануда шектелмейтін қаражат кіреді.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қарыз қаражаты

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Қоғамның не ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін қою, не міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті үлестік құралдардың тіркелген санына айырбастау арқылы өзге түрде орындау міндеттемесі болады. Мұндай құралдарға Үкімет алдындағы берешек, несиелік ұйымдардың қаражаты, Акционердің алдындағы берешек, шығарылған борыштық бағалы қағаздар кіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін қарыз қаражаты тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайда немесе зиян құрамында бейнеленеді.

Қоғам өзінің берешегін сатып алған жағдайда, соңғысы қаржылық жағдай туралы есептен алынып тасталады, ал міндеттемелердің баланстық құны мен төленген қаражат сомасының арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі.

Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептеледі.

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, уақытша айырмаларға қатысты есептеледі. Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған пайда салығы активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың ағымдағы құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмалар бойынша жекелеген қаржылық есептілік максаттары үшін көрсетіледі.

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер салықтық базаны азайтатын осы уақытша айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдылығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі. Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер күшіне енген немесе нақ есепті мерзімде күшіне енген заңнамаға сүйеніп отырып, міндеттемені реттеу немесе активті іске асыру кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасында Қоғамның қызметіне қатысты пайдаланылатын түрлі операциялық салықтар қолданылады. Осы салықтар корпоративтік табыс салығынан басқа пайда мен зияндар туралы есепте салықтар бойынша шығыстар құрамында көрсетіледі.

Операциялық жалдау – Қоғам жалға алушы ретінде

Жалдау объектісіне меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен пайданы жалға беруші іс жүзінде өзіне қалдырған кезде мүлікті жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдау шарты бойынша төлемдер жалдау мерзімінің ішінде шығыстарға тепе-тең етіп есептен шығарылады және басқа операциялық шығыстардың құрамында ескеріледі.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Қоғам қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы активті бастапқы танудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқиға (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелі болған және шығын орын алған жағдай (немесе жағдайлар) сенімді түрде бағалауға болатын қаржы активі мен қаржы активтерінің тобынан күтілетін болашақ ақша қаражаты ағымдарына әсер еткен жағдайда ғана құнсызданған ретінде шартты түрде белгіленеді.

Құнсыздану белгілеріне қарыз алушы немесе қарыз алушылар тобының айтарлықтай қаржылық қиындықтарының болуы, пайыздардың немесе негізгі қарыз сомасының төлемдері бойынша міндеттемелерді бұзуы, банкротқа ұшыраудың немесе қаржылық қайта ұйымдастырудың жоғары ықтималдылығы, сондай-ақ бақыланатын нарықтан алынатын ақпарат негізіндегі дәлел, күтілетін болашақ ақша қаражаты ағымдарының азаюы, мысалы мерзімі өткен төлемдер деңгейіндегі немесе активтер бойынша шығындармен ортақтастырылатын экономикалық жағдайлардағы өзгерістер кіреді.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активінің құнсыздануы (жалғасы)

Несиелік ұйымдардағы қаражат және клиенттерге берілген несиелер

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын несиелік ұйымдардағы қаражат пен клиенттерге берілген несиелерге қатысты Қоғамның ең бірінші дербес негізде жеке маңызды қаржы активтері үшін немесе жеке маңызды болып табылмайтын қаржы активтері үшін тұтас құнсызданудың объективті белгілері болуын бағалайды. Соған қатысты құнсыздану шығындары мойындалатын дербес негізде құнсыздану мәніне бағаланатын активтер жиынтық негізде құнсыздану мәніне бағаланбауы тиіс.

Құнсызданудан шығынға ұшыраудың объективті дәлелдері болған жағдайда, шығын сомасы активтердің ағындағы құны мен ақшалай қаражаттың болашақ бағалау ағымдарының келтірілген құнының (әлі ұшырамаған несиелер бойынша болашақ күтілетін шығындарды ескермейтін) арасындағы айырманы білдіреді. Активтің ағымдағы құны резерв шотын пайдалану есебінен төмендейді және шығын сомасы пайда мен зияндар туралы есепте танылады. Пайыздық кірістер актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде төмендетілген ағымдағы құн бойынша есептелуін жалғастырады. Өтеудің нақты перспективалары болмаған және барлық қамтамасыз ету іске асырылған немесе Қоғамға берілген жағдайда, несиелер мен тиісті резерв есептен шығарылады. Егер келесі жылы құнсыздану шығындарын бағалау сомасы құнсыздану шығындары танылғаннан кейін болған оқиғаларға байланысты көбейсе немесе азайса, бұрын танылған құнсыздану шығындарының сомасы резерв шотын түзету арқылы көбейтіледі немесе азайтылады. Егер есептен шығару кейіннен қалпына келтірілетін болса, онда қалпына келтіру сомасы пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі.

Болашақ күтілетін ақша ағымдарының келтірілген құны қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер несиелік ауыспалы пайыздық мөлшерлеме бойынша берілген болса, онда құнсыздану шығындарын бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі ағымдағы тиімді пайыздық мөлшерлеме болады. Қамтамасыз ету ретінде берілген қаржылық активтер бойынша болашақ күтілетін ақша ағымдарының келтірілген құнының есебі өндіру мүмкіндігінің болуына қарамастан қамтамасыз етуді алу мен іске асыру шығындары шегерілген өндіріп алу жағдайында алынуы мүмкін ақшалай қаражатты бейнелейді.

Құнсыздану белгілерінің болуын жиынтық бағалау мақсатында қаржы активтері несиелік тәуекелдің актив түрі, сала, географиялық орналасу, қамтамасыз ету түрі, төлемдердің уақытылы болуы және басқа да факторлар сияқты сипаттамалары ескеріле отырып несиелік рейтингтердің ішкі банктік жүйесі негізінде топтарға бөлінеді.

Құнсыздануы жиынтық негізде бағаланатын қаржы активтерінің тобы бойынша болашақ ақша ағымдары активтер бойынша шығындарға, топ активтерінің сипаттамасына ұқсас несиелік тәуекелдердің сипаттамасына қатысты тарихи ақпарат негізінде анықталады. Шығындар бойынша тарихи ақпарат шығындар бойынша тарихи ақпарат бар жылдарға әсерін тигізбеген қолданыстағы талаптардың әсерін бейнелеу және осы сәтте жоқ тарихи кезең үшін талаптардың әсерін жоққа шығару мақсатында бақыланатын нарықтағы ағымдық ақпарат негізінде түзетіледі. Болашақ ақша ағымдарының өзгерістерін бағалау әрбір жыл үшін бақыланатын нарықтағы тиісті ақпараттың өзгерістерін бейнелейді және сәйкес келеді (мысалы, жұмыссыздық деңгейіндегі, жылжымайтын мүлік бағаларындағы, тауар бағаларындағы, төлем мәртебесіндегі немесе топ шеккен залалдар мен олардың мөлшерінің дәлелі болатын басқа факторлардағы өзгерістер). Болашақ ақша ағымдарын бағалау үшін қолданылатын әдістемелер мен жорамалдар шығындар бағасы мен нақты нәтижелер арасындағы айырмашылықты қысқарту үшін үнемі қайта қарастырылып отырады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активінің құнсыздануы (жалғасы)

Несилердің құрылымын өзгерту

Кепіл затын өндіріп алудың орнына, мүмкіндігіне қарай, Қоғам несиелер бойынша талаптарды қайта қарастыруға тырысады, мысалы, төлемнің шарттық мерзімдерін ұзартып, несиенің берудің жаңа талаптарын келіседі.

Мұндай қайта құрылымдаудың есебі келесі тәсілмен жасалады:

- егер несиенің валютасы өзгерсе, алдыңғы несиенің мойындалуы тоқтатылады, ал жаңа несиенің қаржылық жағдай туралы есепте мойындалады;
- егер қайта құрылымдау қарыз алушының қаржылық қиындықтарымен негізделмесе, Қоғам төменде сипатталған қаржылық міндеттемелердің мойындалуын тоқтату үшін қолданылатын әдіске ұқсас әдісті қолданады;
- егер қайта құрылымдау қарыз алушының қаржылық қиындықтарымен негізделсе және несиені қайта құрылымдаудан кейін құнсызданған болып есептелсе, Қоғам жаңа талаптарға сәйкес бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған келешек акша ағындарының келтірілген құны мен қайта құрылымдауға дейінгі ағымдағы құн арасындағы айырманы есепті кезеңде құнсыздану шығыстарының құрамында мойындайды. Егер несиені қайта құрылымдаудың нәтижесінде құнсызданбаған болса, Қоғам тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептейді;
- Несиені, егер ол бойынша талаптар қайта қаралса, мерзімі өткен болып табылмайды. Қоғам басшылығы болашақ төлемдерді жасаудың барлық критерийлерін және олардың мүмкіндіктерін сақтауында көз жеткізу үшін қайта құрылымдалған несиелерді үнемі қайта қарап отырады. Мұндай несиелер жеке немесе жиынтық негізде құнсыздану мәніне бағалануын жалғастырады немесе олардың өтелетін құны несиені бойынша бастапқы немесе ағымдағы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып бағаланады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активі (немесе, қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе дәл сондай қаржы активтері тобының бір бөлігі), егер:

- активтен акша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Қоғам активтен келетін акша ағымдарын алу құқығын берсе немесе алған акша ағымдарын толығымен елеулі кешіктіругіз «транзит» келісім талаптарында үшінші тарапқа аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
- Қоғам (а) не активтен түсетін бүкіл пайда мен тәуекелді түгелімен дерлік берсе, (б) не бермесе, алайда активтен түсетін пайда мен тәуекелді өзінде де сақтамайтын болса, бірақ осы активтің бақыланып берсе.

Қоғам активтен келетін акша ағымдарын алу құқығын оған байланысты бүкіл пайда мен тәуекелді бермей де, өзінде сақтамай да, сондай-ақ активтің бақыланып бермей де берсе, мұндай актив есепке алуда Қоғамның бұл активтегі қатысуын жалғастыратын шекте бейнеленеді. Берілген актив бойынша кепілдеме нысанындағы активке қатысуды жалғастыру Қоғамға төлемге берілуі мүмкін өтемнің ең жоғарғы мөлшері мен активтің бастапқы ағымдағы құны мәндерінің ең азы бойынша бағаланады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемені мойындауды тоқтату тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда болады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге елеулі ерекшеленетін талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеме есептен алынады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе зиян құрамында міндеттемелердің ағымдағы құнындағы айырма таныла отырып, есепке алуда бейнеленеді.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген, күнделікті қызмет көрсету шығасылары ескерілмеген нақты құны бойынша бейнеленеді. Мұндай құнға, егер олар мойындау критерийлеріне жауап берсе, орын алу фактісі бойынша танылатын құрал-жабдықты ауыстыруға байланысты шығындар кіреді.

Бұл активтің баланстық құнын өтеудің мүмкін еместігін көрсететін оқиғалар мен жағдайлардағы өзгерістер туындаған жағдайда, негізгі құралдардың баланстық құнының құнсыздануы бағаланады.

Жөндеу және бұрынғы калпына келтіру шығыстары оларды жүзеге асыру шамасына қарай шығындарға жатқызылады және олар капиталға айналатын жағдайларды қоспағанда, басқа да операциялық шығыстардың құрамына қосылады.

Нысанның амортизациясы ол пайдалану үшін қол жетімді болғанда ғана басталады. Амортизация активтердің пайдалы қызметінің бағалау мерзімдеріне негізделген келесі жылдық мөлшерлемелер бойынша желілік әдіспен есептеледі:

	<i>Амортизация нормасы</i>
Машиналар мен құрал-жабдықтар	4-20%
Көлік құралдары	10-25%
Басқасы	10-33%

Қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістемелері әрбір есепті жыл соңында сарапталады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік жылжымайтын мүлікті ұзақ мерзімге жалға беруден болатын кірістерді немесе Қоғам негізгі құралдар ретінде пайдаланбайтын мүлік құнының өсімінен болатын кірістерді алуға арналған.

Бастапқыда инвестициялық жылжымайтын мүлік, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, нақты құны бойынша бағаланады. Баланстық құнға, мойындау критерийлерін орындау шартымен мұндай шығындардың пайда болуы сәтіне қолдағы инвестициялық жылжымайтын мүліктің бөліктерін ауыстыру құны кіреді және инвестициялық мүлікке күнделікті қызмет көрсету шығындары кірмейді. Инвестициялық жылжымайтын мүлік кейіннен жинақталған амортизацияны шегере отырып өзіндік құны бойынша бағаланады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік 50 жылды құрайтын пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде желілік негізде амортизацияланады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің қаржылық есептілік туралы есепте мойындалуын тоқтату ол шыққан кезде не болмаса келешекте экономикалық пайда алу күтілмесе, жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің шығуынан болған кез келген кірістер мен залалдар мойындалуы тоқтаған жылы пайданың немесе зиянның құрамында танылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктен инвестициялық жылжымайтын мүлікке аударымдар тек пайдалануда өзгерістер болғанда ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісіне аудару кезінде баланстық құнның өзгеруі болмайды, өйткені Қоғам инвестициялық жылжымайтын мүлік үшін, сол сияқты меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік үшін, қоса санат үшін өзіндік құн бойынша есепке алу үлгісін пайдаланады.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерге бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді.

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген нақты құны бойынша көрсетіледі. Шектелген пайдалы қызмет ету мерзімі бар материалдық емес активтер 1-тен 10-ке дейінгі жылды құрайтын пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады, мүмкін құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Сатуға арналған активтер

Қоғам айналымнан тыс активтерді, егер олардың ағымдағы құнын өтеу көбінесе пайдалану барысында емес, мәмілені іске асыру барысында жоспарланса, сатуға арналған деп жіктеп отыр. Бұл үшін айналымнан тыс активтер мұндай активтерді сатудың әдеттегі, үлгі шарттары болып табылатын шарттарда оларды қазіргі күйінде дереу сату үшін қолжетімді болуы тиіс, бұл ретте олардың сатылуы жоғары ықтималдылық деңгейімен сипатталуы тиіс. Сатудың жоғары ықтималдылығы Қоғам басшылығының айналымнан тыс активті іске асырудың жоспарын қатаң түрде орындау ниетін болжайды. Бұл ретте сатып алушыны іздестіру және мұндай жоспарды орындау бойынша белсенді іскімүлдер жоспары басталуы тиіс. Бұдан басқа айналымнан тыс актив оның ағымдағы әділ құнын ескере отырып негізделген болып табылатын баға бойынша өткізілуге белсенді түрде ұсынылуы тиіс. Сонымен бірге сатылымды аяқталған мәміле ретінде көрсету сатуға арналған ретінде айналымнан тыс активтер жіктелген күннен бастап бір жылдың ішінде күтілуі тиіс.

Қоғам сатуға арналған деп жіктелетін активтерді ағымдағы құнның ең аз мәні және сату шығыстарын шегере отырып әділ құны бойынша бағалайды. Активтердің ағымдағы құнының ықтимал құнсыздану оқиғалары немесе соған көрсететін жағдайлардың өзгеруі басталған жағдайда Қоғам сату шығыстарын шегере отырып олардың құнын әділ құнына дейін бастапқы, сондай-ақ кейінгі есептен шығару кезінде құнсызданудан болған шығынды көрсетеді.

Алынған кепілді қамсыздандыру

Алынған кепілді қамсыздандыру қарыздар бойынша берешекті өтеу есебінен Қоғамның қарыз алушыларынан ерікті немесе мәжбүрлі негізде алынған кепіл мүлкін білдіреді. Кепілге қойылған мүлікті Қоғамның балансына қабылдау жөніндегі шешімді Несие Комитеті, содан кейін Қоғамның Басқармасы қабылдайды. Барлық процедуралар жасалғаннан кейін мүліктің Қоғам балансында мойындалуы оның ағымдағы бағаланған құны бойынша жүзеге асырылады. Бұл активтер қаржылық жағдай туралы есепте сатуға арналған активтер құрамында ескеріледі.

Жарғылық капитал

Жарғылық капиталға жарналар шығаруға арналған тікелей шығындарды шегере отырып тарихи құны бойынша мойындалады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Шартты бөлу резерві

Қоғам өз Акционерінің атынан қарыз алушылармен нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша несиелік келісімді жасағанда, бастапқы мойынша кейінге несиенің номиналдық құны мен әділ құны арасындағы айырма Акционерге болжамды бөлу ретінде шартты бөлу бойынша резерв ретінде ескеріледі.

Қосымша төленген капитал

Қоғам өз Акционерінен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік әрі бюджеттік мекемелерінен нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша қарыздарды немесе басқа да қаржылық көмекті алғанда, алынған ақшалай өтемақы мен қарыздардың немесе бастапқы мойындау күніне басқа да қаржылық көмектің әділ құны арасындағы айырма қосымша төленген капитал ретінде ескеріледі.

Резервтер

Қоғамның өткеніндегі белгілі бір оқиғаның салдарынан реттелуі ықтималдылықтың үлкен дәрежесіндегі болашақ экономикалық пайданы қамтитын ресурстар шығысын талап ететін және сенімділіктің жеткілікті дәрежесінде бағалауға болатын заңды немесе ерікті түрде қабылдаған міндеттемелері болса, резервтер танылады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**Шартты активтер мен міндеттемелер**

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Қоғам экономикалық пайда алады деген жоғары ықтималдылық болса, және егер түсімнің сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім танылады. Қаржылық есептілікте түсімді тану үшін мынадай белгілер орындалуы тиіс:

Пайыздық және дәл сондай кірістер мен шығыстар

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар дисконттау кезіндегі тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша бейнеленеді, ол бойынша қаржылық құралды пайдаланудың болжалды мерзімі ішінде немесе қолданылуына қарай қысқарақ мерзім ішінде күтілетін болашақ ақша төлемдері мен түсімдері дәлдікпен қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза ағымдағы құнында келтіріледі. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ несиелер бойынша келешек шығындар ескерілмейді. Қоғам төлемдердің немесе түсімдердің бағаларын қайта қарастырған жағдайда, қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің ағымдағы құны түзетіледі. Түзетілген ағымдағы құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал ағымдағы құнның өзгерісі пайыздық кірістер мен шығыстар ретінде бейнеленеді.

Қаржылық есептілікте бейнеленген қаржы активінің немесе ұқсас қаржы активтер тобының құны құнсыздану салдарынан төмендеген жағдайда, пайыздық кірістердің бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша жаңа ағымдағы құн негізінде танылуы жалғаса береді.

Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік Қоғамның функционалдық валютасы мен есептілік беру валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен берілді. Шетел валюталарындағы операциялар алдымен операция мерзімінде әрекет ететін айырбастау бағамы бойынша қызметтік валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар пайда мен зияндар туралы есепте «Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза зиян» бабы бойынша бейнеленеді. Шетел валютасында нақты құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операцияны жасау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбастау бағамы мен мұндай операция мерзіміндегі Қазақстан Қор Биржасының (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚҚБ») ресми бағамы арасындағы айырма бағамдық айырма шығыстары шегеріле отырып кірістер құрамына енгізіледі. Төменде Қоғам қаржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланған айырбас бағамдары келтірілген:

	2017 жыл	2016 жыл
Теңге/АҚШ доллары	332,33	333,29
Теңге/Еуро	398,23	352,42
Теңге/Ресей рублі	5,77	5,43

Сегменттік есептілік

Қоғамның бизнесі мен географиялық сегменттері осы қаржылық есептілікте жеке көрсетілмеген, өйткені Қоғамның басшылығы несиелерді берудің басты операциялық сегменті Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық ұйымдары болып табылады деп есептейді, әрі солар бойынша тәуекелдер мен қайтару дәрежесі бүкіл ел бойынша ұқсас болып саналады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер

Төменде Қоғамның қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттары мен түсіндірмелері келтіріледі. Қоғам осы стандарттарды олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»

2014 жылғы шілдеде ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» түпкі редакциясын шығарды, ол 39 ХҚЕС-ті (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) барлық алдыңғы редакцияларын ауыстырады. 9 ХҚЕС (IFRS) қаржы құралдарын есепке алу жобасының барлық үш аспектісін біріктіреді: жіктеу мен бағалауды, құнсыздандуды және хеджирлеуді есепке алуды. 9 ХҚЕС (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Хеджирлеудің есепке алынуын қоспағанда, стандарт ретроспективті түрде қолданылады, бірақ салыстырмалы ақпараттың ұсынылуы міндетті болып табылмайды. Хеджирлеудің есепке алынуына қатысты талап, ең алдымен, бірқатар шектелген ерекшеліктермен перспективті түрде қолданылады.

Қоғам ауысудың жиынтық әсерін 2018 жылғы 1 қаңтарға бөлінбеген пайданың құрамында мойындай отырып, жаңа стандартты қолдануды жоспарлап отыр және салыстырмалы ақпаратты қайта есептемейді. Қоғам 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану салдарын сандық бағалау процесінде болды, дегенен осы сәтке әсердің негізделген бағалауы қол жетімсіз болды.

(a) Жіктеу және бағалау

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай, «тек негізгі борыштың және негізгі борыштың өтелмеген сомасына пайыздардың есебінен төлемдер ғана» (SPPI) критерийіне сәйкес келмейтін барлық борыштық қаржы активтері бастапқыда мойындалған кезде пайда және зиян арқылы әділ құны (ПЗӘҚ) бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі. Бұл критерийлерге сай айырбастаудың ендірілген мүмкіндігін қамтитын құралдар немесе регресс құқығынсыз несиелер сияқты «базалық несие келісімінің» анықтамасына сәйкес келмейтін борыштық құралдар ПЗӘҚ бойынша бағаланады. SPPI критерийіне сәйкес келетін борыштық қаржы құралдары үшін бастапқыда мойындалған кездегі жіктеу бизнес-модельдің негізінде айқындалады, соған сай бұл құралдар басқарылады:

- шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында ұсталатын құралдар амортизацияланған құны бойынша бағаланады;
- шартта көзделген ақша ағындарын алу және сату мақсатында ұсталатын құралдар басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны (БЖКӘҚ) бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі;
- басқа мақсаттарда ұсталатын құралдар БЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Үлестік қаржы активтері бастапқыда мойындалған кезде, өз қарауына қарай, кейіннен бас тарту құқығынсыз, үлестік қаржы активін БЖКӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктеу шешімі қабылданған жағдайларынан басқа, БЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктеу қажет. БЖКӘҚ бойынша бағаланған деп жіктелетін үлестік қаржы құралдары үшін барлық жұмсалған және жұмсалмаған кірістер мен шығыстар, дивидендтік кірістерден басқа, пайда немесе зиян құрамына одан әрі қайта жіктеу құқығынсыз, басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Қаржылық міндеттемелерді жіктеу және бағалау 39 ХҚЕС-тің (IAS) қолданыстағы талаптарымен салыстырғанда негізінен өзгеріссіз қалады. Туынды қаржы құралдары БЗӘҚ бойынша бағалануын жалғастырады.

Несиелердің басым көпшілігі, күтілгендей, SPPI критерийіне жауап береді және бұрынғысынша амортизацияланған құны бойынша бағаланады, дегенмен несиелердің кейбірі БЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде қайта жіктеледі.

(b) Құнсыздану

9 ХҚЕС (IFRS) Компания амортизацияланған құны немесе БЖКӘҚ бойынша бағаланатын өзінің барлық борыштық қаржы активтері бойынша, сондай-ақ қарыздарды беру міндеттемелері мен қаржылық кепілдіктер шарттары бойынша күтілетін несиелік залалдар (КНЗ) резервін мойындауын талап етеді. Резерв келесі он екі айдың ішінде дефолттың ықтималдылығына байланысты КНЗ негізінде есептеледі, егер қаржы құралы мойындалған сәттен бастап несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаса; соңғы жағдайда резерв активтің бүкіл өмірінің бойына КНЗ негізінде есептеледі. Егер қаржы активі сатып алынған немесе құрылған несиені-құнсызданған қаржы активінің анықтамасына сәйкес келсе, резерв активтің бүкіл өмірінің бойына КНЗ өзгеруінің негізінде есептеледі.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»

15 ХҚЕС (IFRS) 2014 жылғы мамырда шығарылды, ал 2016 жылғы сәуірде түзетулер енгізілді. Жаңа стандарт ХҚЕС-тің түсімді тануға қойылатын барлық қолданыстағы талаптарын ауыстырады. Толық ретроспективті қолданылу немесе 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін түрлендірілген ретроспективті түрде қолдану талап етіледі. Қоғам салыстырмалы ақпаратты қайта есептеместен, ауысудың жиынтық әсерін 2018 жылғы 1 қаңтарға бөлінбеген пайданың құрамында мойындай отырып, түрлендірілген ретроспективті әдісті пайдалана отырып жаңа стандартты қолдануды жоспарлап отыр.

15 ХҚЕС (IFRS) сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдерге қатысты қолданылатын бес кезең кіретін модельді көздейді. 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сай түсім соған арналған құқықты ұйым сатып алушыға тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетілуіне айырбас ретінде аламын деп отырған өтемақыны көрсететін сома бойынша танылады. Дегенмен қаржы құралдарының ажырамас бөлігі болып табылатын пайыздық және комиссиялық кіріс 15 ХҚЕС (IFRS) қолданылу аясынан тыс қалады және 9 ХҚЕС (IFRS) реттеледі. Нәтижесінде, бұл стандартты қолдану Қоғам кірісінің едәуір бөлігіне әсерін тигізбейді.

Қоғам қазіргі уақытта 15 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану нәтижесінде елеулі әсерді күтпейді.

10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Инвестор мен оның қауымдасқан компаниясы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді сату»

Түзетулер 10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС (IAS) арасындағы, атап айтқанда, қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға сатылатын немесе соларға салынатын еншілес ұйымның үстінен бақылау жасау амалынан айырылуды есепке алу арасындағы қайшылықты қарастырады. Түзетулер инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында жасалған мәміледе 3 ХҚЕС-тегі (IFRS) анықтамаға сай өз бизнесін білдіретін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын толық көлемде танылады. Дегенмен бизнесті білдірмейтін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын қауымдасқан ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы инвесторлар ұйымынан өзге қатысу үлестерінің шегінде ғана танылады. ХҚЕС жөніндегі кеңес бұл түзетулердің күшіне енгізілу күнін белгісіз мерзімге ауыстырды, дегенмен бұл түзетулерді мерзімінен бұрын қолданатын ұйым оларды перспективті түрде қолдануы тиіс. Қоғам бұл түзетулерді, олр күшіне енгеннен кейін қолданады. Қоғам бұл түзетулерді қолдану нәтижесінде елеулі әсерді күтпейді.

2 ХҚЕС-ке (IAS) «Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау» түзетулер

ХҚЕС жөніндегі кеңес 2 ХҚЕС-ке (IFRS) «Акциялардың негізіндегі төлемдер» түзетулерді шығарды, әрі оларда үш негізгі аспект қарастырылады: ақша қаражатының есептеулерімен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды бағалау құқықтарының өту талаптарының ықпалы; төлем көзінен ұсталатын салық бойынша міндеттемелер үшін нетто-негіздегі есеп айырысулар талабымен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу; акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операциялар талаптарының өзгеруін есепке алу, соның нәтижесінде операция ақша қаражатымен болған есеп айырысулармен операция ретінде жіктелуі тоқтатылады және үлестік құралдармен болған есеп айырысулармен операция ретінде жіктелуін бастайды.

Түзетулерді қабылдаған кезде ұйымдар алдыңғы кезеңдердің ақпаратын қайта есептеуге міндетті емес, дегенмен барлық үш аспектіге қатысты түзетулерді қолдану және басқа да критерийлерді сақтау талабымен ретроспективті түрде қолдануға жол беріледі. Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Қазіргі уақытта Қоғам бұл түзетулердің қаржылық есептілікке ықтимал әсерін бағалауда.

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

16 ХҚЕС (IFRS) 2016 жылғы қаңтарда шығарылды және 17 ХҚЕС-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» түсіндірмесі. 16 ХҚЕС (IFRS) жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың қаржылық жалдау үшін 17 ХҚЕС-те (IAS) көзделген есепке алу тәртібі сияқты баланста есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып барлық жалдау шарттарын көрсетуін талап етеді. Стандарт жалға алушылар үшін мойындаудан екі рет босатуды көздейді – төмен құны бар активтерді жалдауға (мысалға, жеке компьютерлер) және қысқа мерзімді жалдауға (яғни, 12 айдан артық емес мерзімі бар жалдау) қатысты.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» (жалғасы)

Жалдаудың басталу күніне жалға алушы жалдау төлемдеріне қатысты міндеттемені (яғни жалдау міндеттемесі), сондай-ақ жалдау мерзімінің ішінде базалық активті пайдалану құқығын беретін активті (яғни пайдалану құқығы нысанындағы актив) мойындайтын болады. Жалға алушылар жалдау міндеттемесі бойынша пайыздық шығысты пайдалану құқығы нысанындағы активтің амортизациясы бойынша шығыстардан бөлек мойындауға міндетті болады.

Сондай-ақ жалға алушылар белгілі бір оқиға орын алған кезде жалдау міндеттемесін қайта бағалауы тиіс (мысалға, жалдау мерзімдерінің өзгеруі, мұндай төлемдерді айқындау кезінде пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде келешек жалдау төлемдерінің өзгеруі). Көптеген жағдайларда жалға алушы пайдалану құқығы нысанындағы активті түзету ретінде жалдау міндеттемесін қайта бағалау сомасын ескереді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі қазіргі уақытта қолданылатын 17 ХҚЕС (IAS) талаптарымен салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық.

Сонымен қатар, 16 ХҚЕС (IFRS) жалға берушілер мен жалға алушылардан 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда ақпараттың үлкен көлемін ашып көрсетуді талап етеді.

16 ХҚЕС (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын, бірақ ұйымның 15 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану күнінен ерте емес мерзімде қолдануға жол беріледі. Жалға алушы бұл стандартты ретроспективті тәсілді не болмаса түрлендірілген ретроспективті тәсілді қолдана отырып пайдалануға құқылы. Стандарттың өтпелі ережелері белгілі бір босатуларды көздейді.

2018 жылы Қоғам 16 ХҚЕС-тің (IFRS) өзінің қаржылық есептілігіне ықтимал ықпалын бағалауды жалғастырады.

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа ауқымды стандарты 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» шығарды. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енгенде, ол 2005 жылы шығарылған 4 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттарын» ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар. 17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Алдыңғы жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 ХҚЕС (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алудың жан-жақты моделін ұсынып, есепке алудың барлық ақылға қонымды аспектілерін қамтиды. 17 ХҚЕС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- инвестициялық кіріске тікелей қатысатын сақтандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірулер (ауыспалы сыйақы әдісі);
- жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

17 ХҚЕС (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну қажет. Ұйым 17 ХҚЕС-тің (IFRS) алғаш рет қолданылу күніне немесе соған дейін 9 ХҚЕС (IFRS) пен 15 ХҚЕС (IFRS) қолданады деген талаппен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл стандарт Қоғамға қатысты қолданылмайды.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

«Инвестициялық жылжымайтын мүлікті санаттан санатқа ауыстыру» 40 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулер, ұйым, құрылыс немесе даму процесіндегі жылжымайтын мүлікті қоса алғанда, жылжымайтын мүлік объектілерін инвестициялық жылжымайтын мүлік санатынан басқа санатқа қашан аударуы тиіс екендігін түсіндіреді. Түзетулерде, пайдалану сипатының өзгеруі жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік анықтамасына сәйкес келе бастағанда немесе сәйкес келмегенде және оны пайдалану сипатының өзгеруі куәліктері болатындығы көрсетілген. Басшылықтың жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға қатысты ниеттерінің өзгеруі оны пайдалану сипатының өзгеруін куәландырмайды. Ұйымдар бұл түзетулерді ұйым түзетулерді алғаш рет немесе осы күннен кейін қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне орын алатын пайдалану сипатының өзгеруіне қатысты перспективті түрде қолдануы тиіс. Ұйым осы күнге ұсталатын жылжымайтын мүліктің жіктелуін қайталап саралауы тиіс, және, егер қолданылатын болса, осы күнге қолданылатын талаптарды көрсету үшін жылжымайтын мүлікті аударуы тиіс. Тек егер бұл барынша кеш түскен ақпаратты қолданбастан мүмкін болса ғана, 8 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес ретроспективті қолдануға жол беріледі. Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілуі талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Қоғам бұл түзетулерді, олр күшіне енгеннен кейін қолданады. Дегенмен Қоғамның ағымдағы қызметі түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, Қоғам ол оның қаржылық есептілігіне әсер етеді деп күтпейді.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2014-2016 жылдар (2016 жылғы желтоқсанда шығарылды)

Бұл жетілдірулерге мыналар кіреді:

1 ХҚЕС (IFRS) «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» – ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын компаниялар үшін қысқа мерзімді босатуларды жою

1 ХҚЕС (IFRS) E3-E7 тармақтарымен көзделген қысқа мерзімді босатулар жойылды, өйткені олар өз функциясын атқарды. Бұл түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Бұл түзетулер Қоғамға қатысты қолданылмайды.

28 ХҚЕС (IAS) «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» – жылжымайтын мүлік объектілерін әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы бағалау шешімі әрбір инвестиция үшін бөлек қабылдануы тиіс екендігін түсіндіру

Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- венчурлық инвестицияларда маманданатын ұйым немесе басқа да ұқсас ұйым қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы бағалау шешімін қабылдай алады. Мұндай шешім бастапқы мойындау кезінде әрбір инвестиция үшін бөлек қабылданады;
- егер ұйымның өзі инвестициялық ұйым болып табылмаса, инвестициялық ұйым болып табылатын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға қатысу үлесі болса, онда үлестік қатысу әдісін қолданған кезде мұндай ұйым инвестициялық ұйым болып табылатын қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын өздерінің еншілес ұйымдарындағы қатысу үлестеріне қолданған әділ құны бойынша бағалауды сақтап қалу шешімін қабылдай алады. Мұндай шешім инвестициялық ұйым болып табылатын әрбір қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын үшін келесі күндердің барынша кеш күніне бөлек қабылданады: (а) инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның бастапқы мойындалу күніне; (б) қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын инвестициялық ұйымға айналатын күнге; және (в) инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын алғаш рет бас ұйымға айналатын күнге.

Бұл түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Егер ұйым бұл түзетулерді бұдан да ерте кезеңге қатысты қолданса, ол бұл фактіні ашып көрсетуі тиіс. Бұл түзетулер Қоғамға қатысты қолданылмайды.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

ХКЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2014-2016 жылдар (2016 жылғы желтоқсанда шығарылды) (жалғасы)

4 ХКЕС-ке (IFRS) түзетулер – 9 ХКЕС-ті (IFRS) «Қаржы құралдары» 4 ХКЕС-пен (IFRS) «Сақтандыру шарттары» бірге қолдану

Бұл түзетулер қаржы құралдары бойынша жаңа стандарттың қолданылуына орай туындайтын проблемаларды шешеді, 9 ХКЕС (IFRS), 17 ХКЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» ендірілгенге дейін, олар 4 ХКЕС-ті (IFRS) ауыстырады. Түзету сақтандыру шарттарын шығаратын ұйымдар үшін екі мүмкіндікті көздейді: 9 ХКЕС-ті (IFRS) қолданудан уақытша босату және салу әдісі. Уақытша босатуды алғаш рет 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты қолданады. Ұйым 9 ХКЕС-ті (IFRS) алғаш рет қолданғанда есептеу әдісін қолдану туралы шешімді қабылдай және бұл әдісті ұйымның қарауына қарай 9 ХКЕС-ке (IFRS) көшу кезінде жіктелетін қаржы активтеріне қатысты ретроспективті түрде қолдана алады. Бұл ретте ұйым есептеу әдісін көрсету үшін салыстырмалы ақпаратты қайта есептейді, және тек егер ол салыстырмалы ақпаратты 9 ХКЕС-ті (IFRS) қолдану кезінде ғана қайта есептеген жағдайда ғана. Бұл түзетулер Қоғамға қатысты қолданылмайды.

«Шетел валютасындағы операциялар және алдын ала төлем» 22 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіруде алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активтің немесе монетарлық емес міндеттеменің мойындалуы тоқтаған кезде тиісті активтің, шығыстың немесе кірістің (немесе оның бір бөлігінің) бастапқы мойындалуы кезінде пайдаланылуы тиіс айырбас бағамын айқындау мақсатындағы операцияның жасалу күні ұйым алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені алғаш рет мойындаған күні болып табылады. Алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну операциялары жасалған жағдайда ұйым әрбір төлем немесе алдын ала төлемді алу үшін операция күнін айқындауы тиіс. Ұйымдар бұл түсіндіруді ретроспективті түрде қолдана алады. Балама ретінде ұйым түсіндіруді көрсетілген күнге немесе содан кейін бастапқыда мойындалған түсіндіруді қолдану аясының шеңберінде барлық активтерге, шығыстар мен кірістерге қатысты перспективті түрде қолданыла алады:

- (i) ұйым бұл түсіндіруді алғаш рет қолданатын есепті кезеңнің басталуы; немесе
- (ii) ұйым алғаш рет бұл түсіндіруді қолданатын есепті кезеңнің қаржылық есептілігінде салыстырмалы ақпарат ретінде көрсетілген алдыңғы есепті кезеңнің басы.

Түсіндіру 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілуі талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Дегенмен Қоғамның ағымдағы қызметі түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, Қоғам ол оның қаржылық есептілігіне әсер етеді деп күтпейді.

«Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіру салықтық баяндауларға қатысты белгісіздік болғанда пайдаға салынатын салықты есепке алу тәртібін қарастырады, бұл 12 ХКЕС-тің (IAS) қолданылуына әсер етеді. Түсіндіру 12 ХКЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ айқындалмаған салықтық баяндаулармен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты ерекше талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндіру келесі мәселелерді қарастырмайды:

- ұйым айқындалмаған салықтық баяндауларды бөлек қарастыра ма;
- ұйым салық органдарының салықтық баяндауларды тексеруге қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын, пайдаланылмаған салық залалдарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Ұйым әрбір айқындалмаған салықтық баяндауды бөлек немесе бір немесе бірнеше басқа айқындалмаған салықтық баяндаулармен бірге қарастыру қажеттілігін шешуі тиіс. Белгісіздікті анықтау нәтижесін барынша дәл болжауға мүмкіндік беретін тәсілді пайдалану қажет. Түсіндіру 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Ауысу кезінде белгілі бір босатуларға жол беріледі. Қоғам түсіндірудің күшіне ену күнінен бастап қолданады. Қоғам өз қызметін күрделі салық ортасында жүзеге асыратындықтан, түсіндіруді қолдану Қоғамның қаржылық есептілігіне және ақпараттың қажетінше ашылып көрсетілуіне әсер ете алады. Сонымен қатар, Қоғам түсіндіруді уақтылы қолдануға қажетті ақпаратты алу процедуралары мен әдістерін белгілеуге мәжбүр бола алады.

(мың теңгемен)

4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар

Бағалаудың белгісіздігі

Қоғам басшылығы есепке алу саясатын қолдану барысында есептік бағалаулармен қатар қаржылық есептілікте бейнеленген сомаға неғұрлым маңызды әсер ететін мынадай пікірлер жасады.

Қаржы құралдарының әділ құны

Егер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерден тұратын бағалаудың түрлі модельдерін пайдалана отырып анықталады. Мұндай модельдер үшін алғашқы деректер, егер мүмкін болса, бақыланатын нарық негізінде анықталады; басқа жағдайда әділ құнды анықтау үшін пікірді қолдану қажет.

Несиелердің құнсыздану резерві

Қоғам клиенттерге берілген несиелерді құнсыздану мәніне тұрақты түрде сараптап отырады. Тәжірибеге сүйене отырып, Қоғам құнсыздану шығындарын қарыз алушы қаржылық қиындықтарды басынан кешіріп отырған және ұқсас қарыз алушылар туралы нақты деректердің жеткілікті көлемі болмаған жағдайларда бағалауда өзінің субъективті пікірін пайдаланады.

Қоғам топ құрамындағы қарыз алушылардың міндеттемелерін өтеу мәртебесіндегі жағымсыз өзгерістерді немесе топ құрамындағы активтер бойынша міндеттемелерді орындамауға пара-пар мемлекеттік не жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгеруін көрсететін байқалып отырған деректер негізінде болашақ ақша ағымдарының өзгерісін ұқсас түрде бағалайды. Басшылық несиелер мен дебиторлық берешектің тобы бойынша құнсызданудың объективті белгілері бар және несиелік тәуекелдің ұқсас сипаттамасындағы активтерге қатысты шығындар құрылымы туралы тарихи деректерге негізделген бағалауды пайдаланады. Тәжірибеге сүйене отырып, Қоғам ағымдағы міндеттемелерді бейнелеу үшін топтың несиелеріне немесе дебиторлық берешегіне қатысты байқалатын деректерді түзету кезінде өзінің субъективті пікірін пайдаланады.

Кепілмен қамтамасыз етуді бағалау

Қоғам басшылығы нарықтағы ағымдағы жағдайды ескере отырып кепілмен қамтамасыз етудің құнын түзету үшін тәжірибеге негізделген пайымдауды немесе тәуелсіз бағалауды пайдалана отырып, тұрақты негізде кепілмен қамтамасыз етуге мониторингті жүзеге асырады.

Салық салу

Қазіргі уақытта Қазақстанда негізгі салық мәселелерін реттейтін бірыңғай Салық кодексі қолданылады. Қолданыстағы салықтарға қосылған құн салығы, корпоративтік табыс салығы, әлеуметтік және басқа да салықтар кіреді. Көп жағдайларда нормативтік-құқықтық актілерді қолдану бойынша атқарушылық өкімдер түсініксіз болып табылады немесе олар тіптен жоқ және үлгі боларлық жағдайлардың шамалысы ғана анықталды. Ведомстволар арасында, сондай-ақ бір ведомствоның ішінде ережелердің заңи тұжырымдамасына қатысты түрлі пікірлер жиі кездеседі, бұл біршама белгісіздік пен кикілжің жағдайлар тудырады. Салық декларациялары, сондай-ақ заңи реттеудің басқа да салалары (мысалы, кеден және валюталық бақылау мәселелері) заң бойынша елеулі айыппұлдарды, өсімпұлды және тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы бірнеше ведомство бақылауында. Мұндай жағдай, мысалы, салықтық заңнама жүйелері анағұрлым дамыған басқа елдерге қарағанда Қазақстанда салықтық тәуекелдер ықтималдылығының үлкен дәрежесін қалыптастырады.

Басшылық Қоғам оның қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының салық заңнамасының ережелерін ұстанады деп есептейді. Дегенмен, тиісті органдар даулы салық мәселелеріне қатысты өзге ұстанымды ұстанады деген тәуекел бар.

(мың теңгемен)

4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар (жалғасы)**Бағалаудың белгісіздігі (жалғасы)***Кейінге қалдырылған салық активтерінің өтелімділігі*

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер қаржылық жағдай туралы есепте мойындалатындығын анықтау кезінде пайымдауды пайдалану қажет. Пайдаланылмаған салық залалдары бойынша туындайтындарды қоса алғанда, корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер басшылықтан Қоғам корпоративтік табыс салығы бойынша мойындалған кейінге қалдырылған активтерді пайдалану мақсатында келешек кезеңдерде жеткілікті салық салынатын пайданы әкеледі деген мүмкіндікті бағалауын талап етеді. Келешекте салық салынатын пайданы әкелуге қатысты жорамалдар басшылықтың келешек ақша қаражаты ағындарына қатысты бағалауына байланысты болады. Бұл келешек салық салынатын пайданы бағалаулар операциялық қызметтен ақша ағындарының болжамдарына (пайыздық кірістер, пайыздық шығыстар, құнсыздану резерві) және әрбір юрисдикцияда қолданыстағы салық заңнамасын қолдану туралы пайымдауға негізделген. Қоғамның есепті күнгі жағдай бойынша көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша таза кейінге қалдырылған активтерді іске асыру қабілетіне келешек ақша ағындары мен салық салынатын пайда бағалаудан қаншалықты айтарлықтай ерекшеленетіндігіне әсер етуі мүмкін.

Сонымен бірге, салық заңнамасының келешек өзгерістері Қоғамның келешек кезеңдерде салық жазбаларын алу қабілетін шектеуі мүмкін.

5. Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына келесі позициялар кіреді:

	<i>2017 жылдың 31 желтоқсанына</i>	<i>2016 жылдың 31 желтоқсанына</i>
Банктің ағымдағы шоттарындағы ақша қаражаты	7.046.961	30.072.352
Қолма-қол ақша қаражаты	21	26
Ақша қаражаты мен оның баламалары	7.046.982	30.072.378

Ақша қаражаты мен оның баламаларының шоғырлануы

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердің ағымдағы шоттарында орналастырылған ақша қаражатына «Банк ЦентрКредит» АҚ-да орналастырылған 2.055.184 мың теңге сомасындағы қаражат немесе ақша қаражаты мен оның баламаларының жалпы сомасының 29%-ы кіреді (2016 жылдың 31 желтоқсанына: 9.674.581 мың теңге немесе «Цеснабанк» АҚ-да орналастырылған ақша қаражаты мен оның баламаларының жалпы сомасының 32%-ы).

6. Несиелік ұйымдардағы қаражат

Несиелік ұйымдардағы қаражатқа келесі позициялар кіреді:

	<i>2017 жыл</i>	<i>2016 жыл</i>
Екінші деңгейдегі банктерге берілген қарыздар	27.878.059	26.053.315
Құнсыздану резервін шегере отырып	(6.206.647)	-
Несиелік ұйымдардағы қаражат	21.671.412	26.053.315

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік ұйымдардағы қаражатқа агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін несиелендіруге «Bank RBK» АҚ, «Банк Астаны» АҚ, «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ мен «Цеснабанк» АҚ 2026 жылға дейін өтеу мерзіміне және жылдық 4,0% бастап 12,5% дейін (2016 жылғы 31 желтоқсанға: жылдық 8,0% бастап 12,5% дейін және өтеу мерзімі 2023 жылға дейін) сыйақы мөлшерлемесімен теңгемен берген қарыздар кіреді.

Төменде несиелік ұйымдардағы қаражаттың құнсыздану резервіндегі өзгерістер келтірілген:

	<i>2017 жыл</i>	<i>2016 жыл</i>
1 қаңтарда	-	(64.323)
Бір жылғы (аударым)/азаю	(6.206.647)	64.323
31 желтоқсанда	(6.206.647)	-

(мың теңгемен)

7. Клиенттерге берілген несиелер

Клиенттерге берілген несиелер өз қызметін аграрлық секторда жүзеге асыратын қарыз алушыларға берілген несиелермен білдірілген және оған келесі позициялар кіреді:

	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
Заңды тұлғаларға берілген несиелер	148.768.887	119.156.959
Жеке тұлғаларға берілген несиелер	42.129.728	41.650.122
	<u>190.898.615</u>	<u>160.807.081</u>
Құнсыздану резервін шегере отырып	(27.343.153)	(25.081.883)
Клиенттерге берілген несиелер	<u>163.555.462</u>	<u>135.725.198</u>

Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві

Төменде клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резервінің салыстырмасы берілді:

	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
1 қаңтарда	(25.081.883)	(19.712.568)
Бір жылғы аударым	(2.611.967)	(6.629.690)
Есептен шығару	350.697	1.260.375
31 желтоқсанда	<u>(27.343.153)</u>	<u>(25.081.883)</u>
Жеке негіздегі құнсыздану	(24.815.986)	(22.878.924)
Жиынтық негіздегі құнсыздану	(2.527.167)	(2.202.959)
Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резервінің жиыны	<u>(27.343.153)</u>	<u>(25.081.883)</u>
Құнсыздану резерві есептен шығарылғанға дейінгі құнсызданған ретінде жеке негізге бағаланған несиелер сомасының жиыны	<u>33.896.339</u>	<u>31.269.087</u>

Несиелік тәуекелді азайтатын қамтамасыз ету және басқа құралдар

Қоғам берілуін талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі контрагенттің несиелік тәуекелді бағалауына тәуелді. Қамтамасыз ету түрлерінің және бағалау өлшемдерінің рұқсат етілуіне қатысты ұстанымдар белгіленген.

Төменде алынған қамтамасыз етудің негізгі түрлері көрсетілген:

- коммерциялық несиелеу кезінде – жылжымайтын мүлік, қорлар мен дебиторлық берешек кепілі, кепілдіктер мен бағалы қағаздар;
- жеке тұлғаларды несиелеу кезінде – тұрғын жылжымалы мүліктің және басқа да активтердің кепілі.

Басшылық қамсыздандырудың нарықтың құнына мониторинг жүргізеді, негізгі келісімге сәйкес қосымша қамсыздандыруды сұратады, сондай-ақ құнсыздану шығындарына резервтің жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамсыздандырудың нарықтық құнын қадағалап отырады. 2017 жылы Акционер қаржыландырған нарықтық бағадан төмен мөлшерлеме бойынша 2017 жылы клиенттерге берілген несиелердің әділ құны бойынша мойындау нәтижесінде туындаған 11.304.161 мың теңге (2016 жылы: 8.016.394 мың теңге) мөлшеріндегі зиян шартты бөлу резервінің ұлғаюы ретінде капиталдың құрамында мойындалған (19-ескертеме).

Жеке негізде бағаланған несиелер

2017 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл үшін құнсызданған ретінде жеке негізде бағаланған несиелер бойынша Қоғамның пайыздық кірістері 985.179 мың теңге (2016 жылы: 1.155.482 мың теңге) болды.

Клиенттерге берілген несиелердің шоғырлануы

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам он ірі қарыз алушыға берген несиелердің шоғырлануы 25.130.056 мың теңге немесе жиынтық несиелік портфельдің 13% болды (2016 жылдың 31 желтоқсанына: 26.120.148 мың теңге немесе жиынтық несиелік портфельдің 15%).

8. Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар 2018 жылы өтеу мерзімімен (2016 жылғы 31 желтоқсан: 2017 жылы) 51.175.874 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан: 23.306.474 мың теңге) баланстық құнымен ҚРҰБ дисконт ноттарымен білдірілген.

(мың теңгемен)

9. Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Төменде инвестициялық жылжымайтын мүліктің баптары бойынша қозғалыс келтірілген:

	<i>Ғынараттар</i>
Бастапқы құн	
2015 жылдың 31 желтоқсанына	426.300
Түсімдер	-
2016 жылдың 31 желтоқсанына	426.300
Түсімдер	-
2017 жылдың 31 желтоқсанына	426.300
Жинақталған амортизация	
2015 жылдың 31 желтоқсанына	(66.727)
Есептелген амортизация	(10.942)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	(77.669)
Есептелген амортизация	(10.937)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	(88.606)
Қалдық құны	
2016 жылдың 31 желтоқсанына	348.631
2017 жылдың 31 желтоқсанына	337.694

2017 жылы инвестициялық жылжымайтын мүлікті жалға беруден түскен кіріс 51.792 мың теңге (2016 жылы: 53.825 мың теңге) болды.

10. Негізгі құралдар

Төменде негізгі құралдардың баптары бойынша қозғалыс келтірілген:

	<i>Жер</i>	<i>Машиналар мен жабдықтар</i>	<i>Көлік құралдары</i>	<i>Басқасы</i>	<i>Жиыны</i>
Бастапқы құн					
2015 жылдың 31 желтоқсанына	5.397	256.437	56.548	93.467	411.849
Аударымдар	-	20.453	-	(20.453)	-
Түсімдер	-	11.079	-	9.246	20.325
Есептен шығару	-	(7.224)	-	(2.102)	(9.326)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	5.397	280.745	56.548	80.158	422.848
Түсімдер	-	31.323	62.200	13.165	106.688
Есептен шығару	-	(49)	(12.560)	(1.708)	(14.317)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	5.397	312.019	106.188	91.615	515.219
Жинақталған амортизация					
2015 жылдың 31 желтоқсанына	-	(99.467)	(21.325)	(46.299)	(167.091)
Аударымдар	-	(13.647)	-	13.647	-
Есептелген амортизация	-	(40.803)	(5.655)	(9.763)	(56.221)
Есептен шығару	-	7.151	-	1.682	8.833
2016 жылдың 31 желтоқсанына	-	(146.766)	(26.980)	(40.733)	(214.479)
Есептелген амортизация	-	(44.638)	(17.762)	(7.158)	(69.558)
Есептен шығару	-	36	9.425	1.413	10.874
2017 жылдың 31 желтоқсанына	-	(191.368)	(35.317)	(46.478)	(273.163)
Қалдық құны					
2016 жылдың 31 желтоқсанына	5.397	133.979	29.568	39.425	208.369
2017 жылдың 31 желтоқсанына	5.397	120.651	70.871	45.137	242.056

(мың теңгемен)

11. Материалдық емес активтер

Төменде материалдық емес активтердің баптары бойынша қозғалыс келтірілген:

	Бағдарламалық жасақтама
Бастапқы құн	
2015 жылдың 31 желтоқсанына	473.078
Түсімдер	71.672
Есептен шығару	(9.097)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	535.653
Түсімдер	104.164
Есептен шығару	(24.067)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	615.750
Жинақталған амортизация	
2015 жылдың 31 желтоқсанына	(297.831)
Есептелген амортизация	(53.238)
Есептен шығару	9.097
2016 жылдың 31 желтоқсанына	(341.972)
Есептелген амортизация	(66.886)
Есептен шығару	24.067
2017 жылдың 31 желтоқсанына	(384.791)
Қалдық құны	
2016 жылдың 31 желтоқсанына	193.681
2017 жылдың 31 желтоқсанына	230.959

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін түскен түсімдерге 45.000 мың теңге сомаға материалдық емес актив кіреді, әрі ол 2017 жылғы 2 мамырда пайдалануға берілуіне орай басқа активтерден ауыстырылды.

12. Басқа да активтер

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқа активтерге келесі позициялар кіреді:

	2017 жыл	2016 жыл
Алынған кепілді қамсыздандыру	-	332.094
Сауда дебиторлық берешек	564.672	365.959
Келешек кезеңдердің шығыстары	68.983	63.890
Басқа да активтер	10.178	60.834
Құнсыздану резерві шегерілгенге дейін басқа да активтер жиыны	643.833	822.777
Басқа активтердің құнсыздану резервін шегере отырып	(19.521)	(27.251)
Басқа да активтер	624.312	795.526

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған кепілмен қамсыздандыруға несиелерді төлеу бойынша Қоғамның алдында өз міндеттемелерін орындамаған қарыз алушылардан Қоғам өндіріп алған жылжымайтын мүлік кіреді. 2017 жылы Қоғам бұл активтерді сатуға арналған активтер құрамына қайта жіктеді.

(мың теңгемен)

13. Акционердің алдындағы берешек

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Акционердің алдындағы берешекке келесі позициялар кіреді:

	Өтеу күні	Бір жылғы номиналды пайыздық мөлшерлеме, %	Валюта	2017 жылғы	2016 жылдың
				31 желтоқсанға	31 желтоқсанына
№ 36 келісім бойынша инвестициялық қарыз	2023 жылғы 30 желтоқсан	1,02%	Теңге	7.065.853	8.493.793
№ 61 келісім бойынша қарыз	2032 жылғы 24 тамыз	0,32%	Теңге	2.472.133	–
№ 148 келісім бойынша қарыз	2019 жылғы 10 желтоқсан	9,00%	Теңге	3.001.640	4.324.784
№ 124 келісім бойынша қарыз	2023 жылғы 1 қаңтар	10,00%	Теңге	322.289	399.868
№ 70 келісім бойынша қарыз	13 қазан 2024 жыл	0,32%	Теңге	731.052	–
№ 148 келісім бойынша қарыз	2019 жылғы 10 желтоқсан	1,00%	Теңге	152.186	143.259
Акционердің алдындағы берешек				13.745.153	13.361.704

№ 36 келісім бойынша инвестициялық қарыз

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Акционердің алдындағы берешекке 2009 жылғы 18 мамырдағы № 36 Қарыз туралы үлгі келісім бойынша берешек кіреді. Осы келісімнің шарттарына сәйкес Қоғамға агроөнеркәсіптік секторда өндірісті құруға, кеңейтуге және түрлендіруге арналған іс-шаралар кешенін іске асыруға инвестициялық қарыз беріледі. Осы келісімнің шеңберінде алынған транштар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылына 4,5%-6,19% құрайды.

№ 61 келісім бойынша қарыз

2017 жылғы 24 тамызда Қоғам Акционермен № 61 қарыз туралы келісімді жасады. Келісімнің шеңберінде алынған транштар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 8,37% құрайды. Қарыз агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне агроөнеркәсіптік кешендегі материалдық өндірісті, өндірістік инфрақұрылымды құруға, кеңейтуге және жаңғыртуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға бағыттауға арналған.

№ 148 келісім бойынша қарыз

2012 жылғы 10 желтоқсанда Қоғам Акционермен № 148 Қарыз туралы үлгі келісімді жасады. Келісім бойынша қарыздың бастапқы сомасы 2.000.000 мың теңге болды. Қарыздың нысаналы мақсаты міндеттемелерді өтеу үшін жеткілікті болатын ағымдағы өтімділік деңгейін қолдау; агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау; негізгі құралдарды жөндеу және түрлендіру әрі заңнамаға сәйкес өзге мақсаттар болып табылады. Қоғам осы келісімнің шеңберінде 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін алған транштардың жылдық 1,0% номиналды сыйақы мөлшерлемесі бар.

2015 жылғы 11 ақпанда № 148 Қарыз туралы үлгі келісімге № 1 қосымша келісім жасалды, соған сай 2015 жылғы 1 қаңтардан кейін алынған барлық транштарға жылдық 9,00% номиналды мөлшерлемесі бойынша пайыздар есептеледі. № 148 Қарыз туралы үлгі келісімнің шеңберінде алынған транштар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылына 9,63%-11,63% құрайды.

№ 124 келісім бойынша қарыз

2015 жылғы 23 тамызда Қоғам Акционермен № 124 қарыз туралы келісімді жасады. Қарыздың бастапқы сомасы 591.108 мың теңге болды. Келісімнің шеңберінде алынған транштар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 9,63% құрайды. Қарыз айналым қаражатын толықтыру, негізгі құралдарды сатып алу мақсатында және құрылысқа, сондай ақ жоғарыда аталған мақсаттарға несені/лизингті алуға орай туындаған берешекті қайта қаржыландыруға несені/лизингті алуға орай 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін туындаған қарыз алушылардың неселік/лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру мақсаттарына арналған.

(мың теңгемен)

13. Акционердің алдындағы берешек (жалғасы)**№ 70 келісім бойынша қарыз**

2017 жылғы 13 қазанда Қоғам Акционермен № 70 Қарыз шартын жасады. Шарт бойынша соманы жылдық 0,32% тарту мөлшерлемесімен 5.000.000 мың теңгені құрайды. Қарыз АӨК субъектілерін жаңа тіркеме және асылмалы жер өңдейтін, жем дайындайтын техниканы, ауыл шаруашылық дақылдарын өңдеу және кептіру жабдығын, отандық өндірістің мал шаруашылығына арналған жабдықты сатып алуға кейіннен қаржыландыру үшін несиелік серіктестіктер мен лизинг компанияларын несиелендіруге арналған. Қарыз бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылына 8,6% құрайды.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Акционердің алдында берешектің қаржылық шектейтін талаптарды орындау бойынша міндеттемелер болған жоқ.

14. Несиелік ұйымдардың қаражаты

	Өтеу күні	Бір жылғы номиналды пайыздық мөлшерлеме,	Валюта	2017 жылғы	2016 жылдың
		%		31 желтоқсанға	31 желтоқсанына
«Банк Центр Кредит» АҚ	2018 жылғы 31 шілде	12%	Теңге	1.515.288	—
Несиелік ұйымдардағы қаражат				1.515.288	—

2017 жылғы 26 қазанда және 2017 жылғы 31 қазанда Қоғам «ЦентрКредит Банкі» АҚ-нан 2016 жылғы 18 қарашадағы № 10А/2016/У/С/06260 Несиелендіру лимитін белгілеу туралы келісімнің шеңберінде 2018 жылғы 26 шілдеге және 2018 жылғы 31 шілдеге дейін өтеу мерзімімен 1.500.000 мың теңге жалпы сомаға қысқа мерзімді қарыздар алды. Бұл қарыз қаражаты бойынша несиелендіру мөлшерлемесі жылдық 12% болды.

15. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздарға келесі позициялар кіреді:

	Өтеу күні	Бір жылғы мөлшерлеме,	Валюта	2017 жылдың	2016 жылдың
		%		31 желтоқсанына	31 желтоқсанына
Тіркелген кірісі бар облигациялар (1 облигациялық бағдарламаның 3 шығарылымы)	2021 жылғы 30 желтоқсан	8,5%	Теңге	23.835.996	23.818.987
Тіркелген кірісі бар облигациялар (2 облигациялық бағдарламаның 2 шығарылымы)	2022 жылғы 17 желтоқсан	8,0%	Теңге	17.819.148	17.753.589
Тіркелген кірісі бар облигациялар (1 облигациялық бағдарламаның 2 шығарылымы)	2023 жылғы 20 ақпан	8,5%	Теңге	10.105.772	10.076.044
Тиянақталған кірісі бар коммерциялық облигациялар	2018 жылғы 13 қыркүйек	11%	Теңге	10.091.667	—
Тіркелген кірісі бар облигациялар (2 облигациялық бағдарламаның 3 шығарылымы)	2026 жылғы 22 маусым	14%	Теңге	5.015.395	—
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар				66.867.978	51.648.620

2017 жылдың ішінде Қоғам жалпы номиналды құны 5.000.000 мың теңге болатын үшінші облигациялық бағдарламаның 2 шығарылымының облигацияларын орналастырды. Облигацияларды Қоғам ҚҚБ-да орналастырды, және Акционер толығымен сатып алды.

2017 жылғы 13 желтоқсанда Қоғам ұйымдастырылған нарықта 2018 жылғы 13 қыркүйекте өтеу мерзімімен 10.000.000 мың теңге жалпы номиналды құнымен қысқа мерзімді коммерциялық облигацияларды орналастырды.

(мың теңгемен)

16. Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек**Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы**

2017 жылдың ішінде Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 Қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдармен қарыздар туралы он жеті келісімді жасады. Алынған қаражаттың жалпы сомасы жылдық 0,01% номиналды сыйақы мөлшерлемесімен 12.731.936 мың теңгені құрайды. Қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 8,9% құрайды. Қарыздар Бағдарлама шеңберінде бизнес-жобаларды несиелендіру үшін микроқаржы ұйымдарын және несиелік серіктестіктерін қолдау мақсатында арналған. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы Бағдарлама бойынша Қоғам берешегі 7.464.102 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан: 0) болды.

Жұмыспен қамту 2020 жол картасы

2016 жылғы тамызда Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 162 Қаулысымен бекітілген 2020 Жол картасын іске асыру шеңберінде «Оңтүстік Қазақстан облысының Кәсіпкерлік, индустриалдық-инновациялық даму және туризм басқармасы» Мемлекеттік мекемесімен және Алматы облысының әкімдігімен қарыздар туралы екі келісімді жасады. Жоғарыда аталған келісімдер бойынша алынған қаражаттың жылдық 13,3% мөлшерінде қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемелері және жылдық 0,01% мөлшерінде сыйақының номиналды мөлшерлемелері бар. Қарыздар ауылдық өңірде өмірлік кәсіпкерліктің 2016-2017 жылдарға тұрақты әрі теңестірілген өсімін қамтамасыз ету мақсатына, сондай-ақ жұмыс істеп жатқан және Жұмыспен қамту 2020 жол картасының шеңберінде тұрақты жұмыс орындарының құрылуын қолдауға арналған. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның осы келісімдер бойынша берешегі 2.427.065 мың теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 2.192.352 мың теңге).

17. Басқа да міндеттемелер

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқа міндеттемелерге келесі позициялар кіреді:

	2017 жыл	2016 жыл
Цессия шарттары бойынша міндеттемелер	1.282.221	-
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл шаруашылығын қолдау жөніндегі бағдарламаның шеңберінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау	854.272	353.077
Кредиторлық берешек	79.800	101.236
Жалақы мен салықтар бойынша жұмыскерлер алдындағы берешек	6.924	85.153
Зейнетақы төлемдері мен өлеуметтік аударымдар бойынша міндеттемелер	10.294	28.492
Басқасы	74.123	54.605
Басқа да міндеттемелер	2.307.634	622.563

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қоғамның басқа міндеттемелеріне Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінен «Несиелер, сондай-ақ технологиялық жабдық пен ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау» 056 бюджеттік бағдарламаның шеңберінде ауыл шаруашылық жануарларын сатып алу үшін клиенттерге берілген несиелер бойынша сыйақының субсидияланатын бөлігін өтеу үшін алынған сомалар кіреді.

Қоғамның цессия шарты бойынша міндеттемелері Қоғам, «KazMeat» ЖШС мен «ҚазАгроӨнім» АҚ арасында жасалған 2017 жылғы 22 желтоқсандағы талап ету құқықтарын беру шартының шеңберінде туындаған берешекпен білдірілген. Мәміленің нәтижесінде Қоғам 1.166.025 мың теңге мөлшеріндегі зиянды басқа да шығыстардың құрамында мойындады. Жоғарыда аталған шарттарға сәйкес Қоғам 113.714 мың теңге әділ құнымен «KazBeef Ltd» ЖШС мен «Щучинский гормолзавод» ЖШС қарыз алушыларынан талап ету құқығын алды.

18. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға келесі позициялар кіреді:

	2017 жыл	2016 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс	(856.295)	(640.884)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(548.530)	(185.969)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(1.404.825)	(826.853)

(мың теңгемен)

18. Салық салу (жалғасы)

	2017 жыл	2016 жыл
Пайда мен зияндар туралы есепте танылған кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы	(548.530)	(185.969)
Капиталда танылған кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы	833.975	1.218.234
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығындағы өзгеріс	285.445	1.032.265

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша Қоғам активтері 39.453 мың теңгені құрайды (2016 жылдың 31 желтоқсанына: 205.713 мың теңге). Қазақстандық заңды тұлғалар салық декларацияларын дербес беруге міндетті. Қоғамға арналған корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 2017 және 2016 жылдары 20,0%-ды құрады.

Корпоративтік табыс салығының тиімді мөлшерлемесі пайдаға салынатын салықтың ресми мөлшерлемелерінен ерекшеленеді. Төменде қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстармен ресми мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың салыстырылуы келтірілген:

	2017 жыл	2016 жыл
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда	8.387.634	3.747.885
Корпоративтік табыс салығының ресми мөлшерлемесі	20%	20%
Ресми салық мөлшерлемесі бойынша корпоративтік табыс салығының теориялық шығыстары	(1.677.526)	(749.577)
Салық салынбайтын кірістер / (есепке жатқызылмайтын шығыстар)	272.701	(77.276)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(1.404.825)	(826.853)

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ олардың тиісті жылдардағы қозғалысына келесі позициялар жатады:

	Уақытша айырмалардың туындауы және азаюы			2016 жыл	Уақытша айырмалардың туындауы және азаюы		
	2015 жыл	Пайда мен зияндар туралы есепте	Капитал құрамында		Пайда мен зияндар туралы есепте	Капитал құрамында	2017 жыл
Шегерілетін уақыт айырмаларының салық әсері							
Клиенттерге берілген несиелер Дебиторлық берешек бойынша резерв	809.770	(341.503)	1.603.279	2.071.546	(777.753)	2.260.832	3.554.625
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	-	24.323	-	24.323	(6.287)	-	18.036
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер	30.577	3.632	-	34.209	11.130	-	45.339
	840.347	(313.548)	1.603.279	2.130.078	(772.910)	2.260.832	3.618.000
Салық салынатын уақыт айырмаларының салық әсері							
Акционердің алдындағы берешек Мемлекеттік және бюджеттен тыс ұйымдардың алдындағы берешек	(352.621)	98.977	(21.531)	(275.175)	91.316	(319.109)	(502.968)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	-	23.981	(363.514)	(339.533)	128.107	(1.107.748)	(1.319.174)
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	(60.704)	4.621	-	(56.083)	4.957	-	(51.126)
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған таза актив	(413.325)	127.579	(385.045)	(670.791)	224.380	(1.426.857)	(1.873.268)
	427.022	(185.969)	1.218.234	1.459.287	(548.530)	833.975	1.744.732

(мың теңгемен)

18. Салық салу (жалғасы)

Капитал құрамында мойындалған кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы келесі тәсілмен бөлінген:

	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
Активтер бойынша	2.260.832	1.603.279
Міндеттемелер бойынша	(1.426.857)	(385.045)
Капитал құрамында мойындалған корпоративтік табыс салығы бойынша үнемділік	833.975	1.218.234

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер соның есебінен актив пайдаланылуы мүмкін келешек салық салынатын пайда қолжетімді болуы мүмкін көлемде мойындалады. Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер тиісті салық жеңілдігі іске асырылады деген ықтималдылықтың болмауы көлемінде азаяды.

19. Капитал

Төменде Қоғамның жарияланған, шығарылған және толығымен төленген жай акцияларының қозғалысы туралы деректер келтірілген:

	<u>Акциялар саны (дана)</u>	<u>Орналастыру құны (теңге)</u>	<u>Жиыны</u>
2015 жылдың 31 желтоқсанына	94.227.371		94.227.371
Жарғылық капиталды ұлғайту	64.403.000	1.000	64.403.000
2016 жылдың 31 желтоқсанына	158.630.371		158.630.371
2017 жылдың 31 желтоқсанына	158.630.371		158.630.371

2016 жылғы 5 наурызда Қоғамның Акционері 23.150.000 жай акциялар эмиссиясы туралы шешімді мақұлдады. Аталған эмиссияны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2016 жылғы 25 наурызда тіркеді.

2016 жылғы 30 қыркүйекте Акционердің шешіміне сәйкес Қоғамның жарғылық капиталы 41.253.000 жай акцияға ұлғайды. Аталған эмиссияны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2016 жылғы 26 қазанда тіркеді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның 158.630.371 акция (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 158.630.371 акция) көлемінде жарияланған және айналысқа шығарылған жай акцияларын жалғыз Акционер бір жай акция үшін 1 мың теңге орналастыру бағасымен толығымен төледі.

2016 жылы жалғыз Акционердің 2016 жылғы 27 мамырдағы шешіміне сәйкес Қоғам 542.664 мың теңге сомасында немесе 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы бір жай акцияға 5,76 теңге мөлшерінде дивидендтерді жария етіп, төледі.

2017 жылы жалғыз Акционердің 2017 жылғы 26 мамырдағы шешіміне сәйкес Қоғам 1.460.516 мың теңге сомасында немесе 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы бір жай акцияға 9,21 теңге мөлшерінде дивидендтерді жария етіп, төледі.

Қоғамның саясатына сай резервтік капитал, келешек шығындарды және басқа да көзделмеген тәуекелдер мен міндеттемелерді қоса алғанда, жалпы тәуекелдер үшін қалыптасады.

(мың теңгемен)

19. Капитал (жалғасы)

Төменде 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін қосымша төленген капитал мен резервтердің баптары бойынша қозғалыс көрсетілген:

	<i>Резервтік капитал</i>	<i>Қосымша төленген капитал</i>	<i>Шартты бөлу резерві</i>
2015 жылғы 31 желтоқсанға	1.086.111	5.291.347	(8.594.957)
Бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв (7-ескертпе)	-	-	(8.016.394)
Шартты бөлу бойынша резервті мойындаудан болған салық әсері (18-ескертпе)	-	-	1.603.279
Акционерден және мемлекеттік мекемелерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс	-	1.925.226	-
Акционерден және мемлекеттік ұйымдардан әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан болған салық әсері (18-ескертпе)	-	(385.045)	-
Бөлінбеген пайданың есебінен резервтік капиталды ұлғайту	-	-	-
2016 жылғы 31 желтоқсанға	1.086.111	6.831.528	(15.008.072)
Бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв (7-ескертпе)	-	-	(11.304.161)
Шартты бөлу бойынша резервті мойындаудан болған салық әсері (18-ескертпе)	-	-	2.260.832
Акционерден және мемлекеттік ұйымдардан әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс	-	7.134.283	-
Акционерден және мемлекеттік ұйымдардан әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан болған салық әсері (18-ескертпе)	-	(1.426.857)	-
Бөлінбеген пайданың есебінен резервтік капиталды ұлғайту	1.460.516	-	-
2017 жылғы 31 желтоқсанға	2.546.627	12.538.954	(24.051.401)

2017 жылдың 31 желтоқсанына Қазақстанның қор биржасының әдістемесіне сай есептелген бір жай акцияның баланстық құны 960,27 теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 946,72 теңге) құрайды:

	<i>2017 жыл</i>	<i>2016 жылғы</i>
Активтер	247.112.593	218.368.572
Материалдық емес активтерді шегере отырып	(230.959)	(193.681)
Міндеттемелерді шегере отырып	(94.553.915)	(67.996.284)
Таза активтер	152.327.719	150.178.607
31 желтоқсанға жай акциялардың саны, дана	158.630.371	158.630.371
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	960,27	946,72

(мың теңгемен)

20. Қызметкерлер құрамының шығыстары және өзге операциялық шығыстар

Қызметкерлер құрамының шығыстарына және басқа да операциялық шығыстарға келесі позициялар кіреді:

	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
Қызметкерлер құрамының шығыстары және басқа да төлемдер	(1.917.765)	(1.775.971)
Әлеуметтік қамсыздандыру шығыстары	(191.865)	(174.610)
Қызметкерлер құрамының шығыстары	(2.109.630)	(1.950.581)
Заңгерлік және кеңестемелік қызметтер	(433.241)	(296.281)
Үй-жайларды ұстау және жалдау	(373.369)	(343.270)
Тозу және амортизация (9, 10 және 11-ескертпе)	(147.381)	(120.402)
Маркетинг және жарнама	(95.176)	(99.579)
Иссапар шығыстары	(66.082)	(58.450)
Кепіл мүлкін бағалаумен байланысты шығыстар	(56.980)	(47.678)
Материалдар, оның ішінде жанар-жағар май материалдары	(46.405)	(41.090)
Негізгі құралдарға техникалық қызмет көрсету	(38.268)	(46.545)
Сақтандыру шығыстары	(32.581)	(34.276)
Қайырымдылық мақсаттарына арналған шығыстар және демеушілік көмек	(26.935)	(26.558)
Байланыс қызметтері	(23.872)	(23.835)
Қызметкерлер құрамын оқыту	(21.308)	(12.973)
Банктік қызметтер	(11.561)	(6.001)
Мемлекеттік алым	(5.612)	(45.941)
Басқа	(134.132)	(85.778)
Басқа да операциялық шығыстар	(1.512.903)	(1.288.657)

21. Шарттық және шартты міндеттемелер**Несие сипатындағы міндеттемелер**

2017 жылғы 31 желтоқсанға Қоғамның шарттық және шартты міндеттемелеріне келесі позициялар кірді:

	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
Несие сипатындағы міндеттемелер		
Несиелерді беру міндеттемелері	38.118.487	57.184.942
Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер		
1 жылға дейін	12.943	9.551
Шарттық және шартты міндеттемелер	38.131.430	57.194.493

Несие сипатындағы аталған шартты міндеттемелердің көбісі олардың ішінара немесе толық орындалуынсыз тоқтауы мүмкін. Осының салдарынан жоғарыдағы кестеде көрсетілген несие сипатындағы шартты міндеттемелер ақша қаражатының күтілген ағып кетуін білдірмейді. Несиелерді беру бойынша шартты міндеттемелер Қоғамның шартсыз міндеттемелерін білдірмейді.

Пайдаланылмаған несие желілері

Несиелер бойынша міндеттемелер жөніндегі келісімде Қоғамның ол үшін жағымсыз жағдайлар орын алған жағдайда, сондай-ақ несиелендіру үшін ресурстар болмай қалған жағдайда келісімнен біржақты тәртіппен шығу құқығы көзделген.

Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономиканың тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ Үкімет экономика, қаржы және ақша-несие саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

2017 жылы қазақстандық экономика өзінің теріс әсерін шикі мұнайдың төмен бағасы мен теңгенің негізгі шетел валюталарына қатысты айырбастау бағамының волатильділігі жалғастырды.

Қоғамның басшылығы ағымдағы жағдайларда Қоғамның экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша барлық қажетті шараларды қолға алып отыр деп санайды.

(мың теңгемен)

21. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)

Салық салу

Қазақстан Республикасының салықтық, валюталық және кедендік заңнамасы жиі қайталануы мүмкін түрлі түсініктемелер мен өзгертулердің нысаны болып табылады. Мұндай заңнамаға қатысты мәмілелер мен Қоғамның қызметіне қатысты қолданылатын басшылық түсініктемесі тиісті өңірлік немесе мемлекеттік органдар тарапынан даулануы мүмкін. Осылайша, қосымша салықтар, айыппұлдар және өсімпұлдар есептелуі мүмкін. Салықтарды есептеуге қатысты салықтық кезеңдер тиісті органдар тексеру үшін қарастырылатын жылдың алдындағы бес күнтізбелік жыл ішінде ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда мұндай шолулар анағұрлым ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін.

Қоғам басшылығы 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша заңнаманы түсінуі тиісінше және Қоғамның салық, валюта және кеден заңнамасын сақтау бойынша бағыттары расталатын болады деп санайды.

Заңгерлік мәселелер

Қоғам әдеттегі қызметінің барысында сот шағымдары мен талаптарының объектісі болып табылады. Басшылықтың пікірінше, мұндай шағымдардың немесе талаптардың нәтижесінде туындайтын ықтимал міндеттемелер (олар болғанда) Қоғамның келешектегі қаржылық жағдайына немесе қызмет нәтижелеріне айтарлықтай теріс ықпал етпейді.

22. Тәуекелдерді басқару

Кіріспесі

Қоғам қызметіне тәуекелдер тән. Қоғам анықтау, бағалау және бақылаудың үздіксіз үрдісі барысында, сондай-ақ тәуекел шектерін және ішкі бақылаудың басқа шараларын белгілеу арқылы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару үрдісі Қоғамның тұрақты тиімділігін ұстап тұру үшін шешуші маңызға ие және Қоғамның әрбір жеке қызметкері міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауап береді. Қоғам несиелік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге ұшырағыш. Қоғам, сондай-ақ операциялық тәуекелдерге де бейім.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау үрдісі ортаны, технологияны өзгерту немесе саладағы өзгерістер сияқты қызмет жүргізу тәуекелдеріне жатпайды. Қоғам мұндай тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау үрдісі барысында бақылайды.

Тәуекелдерді басқару құрылымы

Тәуекелдерді анықтау мен оларды бақылауға жалпы жауап беретін Директорлар кеңесі, алайда, тәуекелдерді басқару мен бақылауға жауапты жекелеген тәуелсіз органдар да бар.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың жалпы амал-тәсілдеріне, тәуекелдерді басқарудың стратегиялар мен ұстанымдарын бекітуге жауап береді.

Басқарма

Басқарманың міндеті Қоғамдағы тәуекелдерді басқару үрдісін бақылау болып табылады.

Тәуекелдерді бақылау

Тәуекел-менеджменті департаменті тәуелсіз бақылау барысын қамтамасыз ету үшін тәуекелдер басқармасымен байланысты процедуралардың ендірілуі және жүргізілуі үшін, сондай-ақ Қоғамның тәуекелдері мен тәуекелер лимиттерін басқару қағидаттарын, саясаттарын сақтауды бақылау үшін жауап береді. Тәуекел-менеджменті департаментінің құрамына екі құрылымдық бөлімше кіреді: қаржылық тәуекелдер бөлімі мен несиелік тәуекелдер бөлімі.

Қазынашылық департаменті

Қоғамның қазынашылық департаменті Қоғамның активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржылық құрылымын басқару үшін жауап береді. Сондай-ақ Қоғамның өтімділік тәуекелі мен қаржыландыру тәуекелі үшін негізгі жауапкершілік қазынашылық департаментінің мойнында.

(мың теңгемен)

22. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кіріспе (жалғасы)

Ішкі аудит қызметі

Қоғамда өтетін тәуекелдерді басқару үрдістеріне ішкі аудит қызметі жыл сайын тексереді, ол процедуралардың жеткіліктілігін, сонымен қатар Қоғамның бұл процедураларды орындауын тексереді. Ішкі аудит қызметі басшылықпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талқылайды және өзінің қорытындылары мен ұсыныстарын Қоғамның Басқармасына және Директорлар кеңесіне тікелей береді.

Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері

Қоғам тәуекелдері күнделікті қызмет барысында орын алуы мүмкін күтілетін шығынды да, санақ модельдері негізінде неғұрлым үлкен нақты шығындардың бағасы болып табылатын болжанбаған шығындарды да бейнелейтін әдіс көмегімен бағаланады.

Тәуекелдерге мониторинг жүргізу және бақылау, негізінен ҚазАгро Қоғам үшін белгілеген шектерге негізделеді. Мұндай лимиттер Қоғамның қызметті жүргізу стратегиясын және ол қызмет өтетін нарықтық жағдайларды көрсетеді.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді сараптау, бақылау және ерте бастан анықтау мақсатында зерттеледі және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Басқармаға, Тәуекелдер комитетіне және Қоғамның әрбір бөлімшесінің басшыларына түсініктемелермен бірге ұсынылады. Есепте несиелік тәуекелдің жиынтық мөлшері, болжамды несиелік көрсеткіштер, белгіленген тәуекел шектерінің шектеулері, өтімділік көрсеткіштері және тәуекел деңгейіндегі өзгерістер туралы ақпарат бар. Ай сайын салалар, клиенттер мен географиялық аймақтар бөлігінде тәуекелдер туралы ақпаратты ұсынады. Токсан сайын Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдер туралы толық есепті алады, әрі онда Қоғамның тәуекелдерін бағалау және тиісті шешімдерді қабылдау үшін барлық қажетті ақпарат бар.

Тәуекелдің аса шоғырлануы

Тәуекелдің аса шоғырлануын болдырмас үшін Қоғамның саясаты мен процедураларына әрараптандырылған қоржынды қолдауға бағытталған арнайы қағидаттар кіреді. Шоғырланумен белгіленген тәуекел басқарылады.

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел – Қоғам клиенттерінің немесе қарсы агенттерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан шығынға ұшырау тәуекелі. Қоғам несиелік тәуекелді жекелеген қарсы агенттер бойынша Қоғам қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ тәуекелдің белгіленген шектерінің сақталуына мониторинг жүргізу көмегімен басқарады. Сөйтіп, өзара үлестес бір компанияда немесе компаниялар тобында несиелік тәуекелдің шоғырлануын болдырмас үшін Қоғамның меншікті капиталының 25,00% артық емес мөлшерде лимит белгіленген. Банк аралық операциялар бойынша қарсы агент-банктерге арналған лимитті Акционер белгілейді.

Қоғам оның жекелеген бөлімшелері жүзеге асыратын қамтамасыз ету мөлшерін кезеңділікпен қайта қарауды қоса отырып, қарсы агенттердің несиелік қабілетіндегі мүмкін өзгерістерді ертерек анықтауды қамтамасыз ету үшін несиелік сапаны тексеру процедурасын әзірледі. Қарсы агенттер бойынша шектер әрбір қарсы агентке несиелік рейтинг беретін несиелік тәуекелді жіктеу жүйесін пайдалана отырып анықталды. Рейтингтер тұрақты түрде қайта қарастырылып отырады. Несиелік сапаны тексеру процедурасы Қоғамға өзі бейім тәуекелдер бойынша әлеуетті шығындардың мөлшерін бағалау және қажетті шаралар қабылдау мүмкіндігін береді.

Өзара есептесу туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдаланудың салдарынан болған тәуекелдің азаюының ықпалын ескерместен, қаржылық жағдай туралы есептің баптары бойынша несиелік тәуекелдің ең көп мөлшерін олардың баланстық құнымен барынша дәл көрсетеді.

Қаржы құралдарының әрбір класы бойынша несиелік тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері туралы толығырақ ақпарат жеке ескертпелерде берілді.

(мың теңгемен)

22. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Несиелік тәуекел (жалғасы)***Қаржы активтерінің кластары бойынша несиелік сапа*

Қоғам қаржы активтерінің несиелік сапасын ішкі рейтинг беру жүйесінің көмегімен басқарады. Төмендегі кестеде Қоғамның несиелік рейтингтер жүйесінің негізінде несиелерге байланысты баланс баптары бойынша активтердің кластары бөлігіндегі несие сапасының сараптамасы берілді. Қаржылық жағдайы жақсы және мерзімі өткен берешегі жоқ клиенттерге берілген несиелер стандартты ретінде жіктелген. 90 күннен артық болатын мерзімі өткен төлемдер кіретін құнсыздандудың бірқатар факторы болған жағдайда бұл қарыздар «мерзімі өткен, бірақ жеке құнсызданбаған» санатына қосылады.

2017 жылдың 31 желтоқсанына	Стандарт- ты рейтинг	Мерзімі өткен, бірақ дербес құнсыз- данбаған	Дербес құнсыз- данған	Жиыны
Қолма-қол қаражатты қоспағанда, ақша қаражаты мен оның баламалары	7.046.961	–	–	7.046.961
Несиелік ұйымдардағы қаражат	10.914.277	–	16.963.782	27.878.059
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	51.175.874	–	–	51.175.874
Клиенттерге берілген несиелер	141.655.678	15.346.598	33.896.339	190.898.615
Жиыны	210.792.790	15.346.598	50.860.121	276.999.509

2016 жылдың 31 желтоқсанына	Стандарт- ты рейтинг	Мерзімі өткен, бірақ дербес құнсыз- данбаған	Дербес құнсыз- данған	Жиыны
Қолма-қол қаражатты қоспағанда, ақша қаражаты мен оның баламалары	30.072.378	–	–	30.072.378
Несиелік ұйымдардағы қаражат	26.053.315	–	–	26.053.315
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	23.306.474	–	–	23.306.474
Клиенттерге берілген несиелер	90.051.824	39.486.170	31.269.087	160.807.081
Жиыны	169.483.991	39.486.170	31.269.087	240.239.248

Өз саясатына сәйкес, Қоғам несие портфелінің аясында дәл әрі ретті рейтингтер беруді жүзеге асыруы тиіс. Бұл қолданыстағы тәуекелдерді шоғырландыра басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ несиелік тәуекел мөлшерін алуан қызмет түрлері, географиялық өңірлер мен өнімдер бойынша салыстыруға мүмкіндік береді.

Төлемді кешеуілдету күнінен өткен мерзімдер бойынша мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған несиелерді талдау

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанына мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған жеке несиелер былайша көрсетілген:

Клиенттерге берілген несиелер	30 күннен кем	31-60 күн	61-90 күн	астам 90 күн	Жиыны
2017 жылдың 31 желтоқсанына	4.240.673	2.086.991	567.444	8.451.490	15.346.598
2016 жылдың 31 желтоқсанына	24.140.706	5.742.253	1.777.233	7.825.978	39.486.170

Құнсыздандуды бағалау

Несиелердің құнсыздандуын тексеру кезінде ескерілетін негізгі факторлар мыналар болып табылады: пайыздар төлемдері мен негізгі қарыз сомасын өтеу төлемдері мерзімінің 90 күннен артық өтуі; қарсы агенттердің қаржылық қиыншылықтарының, несиелік рейтингінің төмендеуінің немесе шарттың бастапқы талаптарының бұзылуының белгілі болуы. Қоғам құнсыздандуға тексеруді дербес негізде бағаланатын резервтер және жиынтық негізде бағаланатын резервтер етіп екі деңгейде жүргізеді.

(мың теңгемен)

22. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Несилік тәуекел (жалғасы)***Жиынтық негізде бағаланатын резервтер*

Дербес маңызды болып табылмайтын несиелердің құнсыздану резервтері, сондай-ақ дербес құнсызданудың объективті белгілері жоқ, дербес маңызды болып табылатын несиелерге қатысты резервтер жиынтық негізде бағаланады. Резервтер әрбір есепті мерзімге бағаланады, мұндайда әрбір несиелік қоржын жеке тестіленеді.

Жиынтық негізде бағалау кезінде дербес құнсызданудың объективті белгілері болмаса да орын алуы мүмкін портфельдің құнсыздануы анықталады. Құнсыздану шығындары мынадай ақпарат негізінде анықталады: өткен кезеңдердегі портфель бойынша шығындар, ағымдағы экономикалық жағдайлар, шығын орын алуы ықтимал сәттен және дербес бағаланатын құнсыздану резервін құруды талап етуді белгілеу сәтінен бастап долбарлы уақыт кезеңі, сондай-ақ алынуы күтілетін сома және актив құнсызданған соң құнды қалпына келтіру. Тәуекелді басқару бөлімшесінің басшылығы бір жылға дейін созылуы мүмкін осы кезеңді анықтау үшін жауап береді. Содан кейін Қоғамның несиелік бөлімшесінің басшылығы құнсыздану резервінің Қоғамның жалпы саясатына сәйкестігін тексереді.

Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару

Өтімділік тәуекелі – Қоғамның төлемдер бойынша өз міндеттемелерін әдеттегі немесе төтенше жағдайларда өтеу мерзімі келген кезде орындай алмау тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында Қоғам басшылығы түрлі қаржыландыру көздерінің қолжетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық сондай-ақ өтімділікті ескере отырып, активтерді басқаруды және болашақ ақша ағымдары мен өтімділікке күнделікті мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. Бұл үрдіске күтілетін ақша ағымдарын бағалау және қажет болған жағдайда, қосымша қаржыландыруды алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етудің болуы кіреді.

Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелер сараптамасы

Төмендегі кестеде 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Қоғамның қаржылық міндеттемелері берілді.

<i>2017 жылдың 31 желтоқсанына</i>	<i>3 айдан кем</i>	<i>3 айдан 12 айға дейін</i>	<i>1 жылдан 5 жылға дейін</i>	<i>5 жылдан артық</i>	<i>Жиыны</i>
Акционердің алдындағы берешек	94.334	453.949	10.311.951	6.453.622	17.313.856
Несилік ұйымдардың қаражаты	570.841	1.000.802	–	–	1.571.643
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	425.000	15.354.683	58.993.619	17.875.000	92.648.302
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	–	3.349	3.769.706	12.723.423	16.496.478
Басқа да қаржылық міндеттемелер	–	–	382.435	2.117.074	2.499.509
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	1.090.175	16.812.783	73.457.711	39.169.119	130.529.788

<i>2016 жылдың 31 желтоқсанына</i>	<i>3 айдан кем</i>	<i>3 айдан 12 айға дейін</i>	<i>1 жылдан 5 жылға дейін</i>	<i>5 жылдан артық</i>	<i>Жиыны</i>
Акционердің алдындағы берешек	582.929	3.163.524	12.000.979	–	15.747.432
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	425.000	3.829.683	39.958.732	30.914.570	75.127.985
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	–	589	3.891.213	–	3.891.802
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	1.007.929	6.993.796	55.850.924	30.914.570	94.767.219

(мың теңгемен)

22. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағымдарының әділ құны пайыздық мөлшерлемелер және валюта бағамдары сияқты нарықтық өлшемдердің өзгеруі салдарынан ауытқитын тәуекелдер.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі пайыздық мөлшерлемедегі өзгерістердің болашақ ақша ағымдарына немесе қаржы құралдарының әділ құнына әсер ету мүмкіндігі салдарынан туындайды. Қоғамның активтері мен міндеттемелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер тіркелген болып табылады.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – қаржы құралының құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі.

Келесі кестеде Қоғамның 31 желтоқсанға саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелер бойынша, сондай-ақ болжамды ақша ағымдары бойынша едәуір позициялары бар валюталар көрсетілген. Жасалған талдау пайда мен зияндар туралы есепке Қазақстандық теңгеге қатысты валюта бағамдарындағы ықтимал өзгерістің әсері есебінен тұрады (саудаланбайтын монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуы салдарынан олардың әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал келеді). Капиталға әсер пайда мен зияндар туралы есеп әсерінен ерекшеленбейді. Барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Кестедегі теріс сомалар пайда мен зияндар туралы есепте немесе капиталда ықтимал таза азаюды көрсетеді, ал оң сомалар әлеуетті таза ұлғаюды көрсетеді.

Валюта	2017 жыл		2016 жыл	
	Валюта бағамындағы өзгеріс, %-бен	Салық салынғанға дейін табысқа әсері	Валюта бағамындағы өзгеріс, %-бен	Салық салынғанға дейін табысқа әсері
АҚШ доллары	+10,00%	–	+13,00%	798
АҚШ доллары	-10,00%	–	-13,00%	(798)

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел – жүйенің істен шығуы, қызметкерлердің қателіктері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі қызметін тоқтатқан кезде, операциялық тәуекелдер беделге зиян келтіруі, құқықтық салдарының болуы немесе қаржылық шығындарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Қоғам барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және әлеуетті тәуекелдерді қадағалау мен тиісті реакциялар арқылы Қоғам мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді, кіру құқығын тиімді бөлуді, бекіту және салыстыру процедураларын, қызметкерлерді оқытуды, сондай-ақ ішкі аудитті қоса алғанда бағалау процедураларын қарастырады.

(мың теңгемен)

23. Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер

	<i>Ескерт.</i>	<i>Акционер алдындағы берешек</i>	<i>Несиелік ұйымдардың қаражаты</i>	<i>Шығарылған борыштық бағалы қағаздар</i>	<i>Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек</i>	<i>Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелердің жиыны</i>
2015 жылдың 31 желтоқсанына баланстық құн		27.360.358	–	27.742.150	19.942	55.122.450
Шығарудан түскен түсімдер	14	45.519.031	–	22.826.050	3.890.000	72.235.081
Өтеу		(59.739.473)	–	–	(19.810)	(59.759.283)
Міндеттемелерді өділ құны бойынша бастапқы мойындау кезіндегі дисконт	19	(135.357)	–	–	(1.789.869)	(1.925.226)
Басқасы		357.145	–	1.080.420	92.089	1.529.654
2016 жылғы 31 желтоқсанға баланстық құн		13.361.704	–	51.648.620	2.192.352	67.202.676
Шығарудан түскен түсімдер	14	4.924.242	1.500.000	14.997.895	12.731.935	34.154.072
Өтеу		(3.336.264)	–	–	(134.967)	(3.471.231)
Міндеттемелерді өділ құны бойынша бастапқы мойындау кезіндегі дисконт	19	(1.501.950)	–	–	(5.632.333)	(7.134.283)
Басқасы		297.421	15.288	221.463	734.180	1.268.352
2017 жылғы 31 желтоқсанға баланстық құн		13.745.153	1.515.288	66.867.978	9.891.167	92.019.586

«Басқасы» бабында қаржылық қызметке қатысы бар міндеттемелер бойынша есептелген, бірақ төленбеген пайыздардың әсері көрсетілген. Топ төленген пайыздарды операциялық қызметтен ақша ағындары ретінде жіктейді.

24. Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде жіктеледі:

- 1-деңгей: ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері.
- 2-деңгей: әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-деңгей: иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

(мың теңгемен)

24. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

Келесі кестеде әділ құны әділ құн көздерінің иерархиясы деңгейінің бөлігінде ашылып көрсетілетін қаржы құралдарының талдауы ұсынылған:

	Бағалау күні	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау			Жиыны
		Белсенді нарықтарда баға белгілеулер (1-деңгей)	Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
2017 жылдың 31 желтоқсанына					
Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер					
Ақша қаражаты мен оның баламалары	2017 жылғы 31 желтоқсан	7.046.982	–	–	7.046.982
Несиелік ұйымдардағы қаражат	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	16.650.563	–	16.650.563
Клиенттерге берілген несиелер	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	139.301.951	139.301.951
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	2017 жылғы 31 желтоқсан	51.175.874	–	–	51.175.874
Басқа да қаржы активтері	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	545.151	545.151
Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер					
Несиелік ұйымдардың қаражаты	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	1.448.683	–	1.448.683
Акционердің алдындағы берешек	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	12.417.053	–	12.417.053
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	2017 жылғы 31 желтоқсан	63.945.176	–	–	63.945.176
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	10.428.072	–	10.428.072
Басқа да қаржылық міндеттемелер	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	1.647.626	1.025.413	2.673.039
2016 жылдың 31 желтоқсанына					
Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер					
Ақша қаражаты мен оның баламалары	2016 жылғы 31 желтоқсан	30.072.378	–	–	30.072.378
Несиелік ұйымдардағы қаражат	2016 жылғы 31 желтоқсан	–	20.167.315	–	20.167.315
Клиенттерге берілген несиелер	2016 жылғы 31 желтоқсан	–	–	116.381.309	116.381.309
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	2016 жылғы 31 желтоқсан	23.306.474	–	–	23.306.474
Басқа да қаржы активтері	2016 жылғы 31 желтоқсан	–	–	367.458	367.458
Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер					
Акционердің алдындағы берешек	2016 жылғы 31 желтоқсан	–	11.061.781	–	11.061.781
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	2016 жылғы 31 желтоқсан	52.046.590	–	–	52.046.590
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	2016 жылғы 31 желтоқсан	–	2.474.733	–	2.474.733

(мың теңгемен)

24. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**Қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы құралдары**

Төменде қаржылық есептілікте көрсетілген Қоғамның қаржы құралдарының баланстық және әділ құнының салыстыруы көрсетілген. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құны көрсетілмеген.

	Баланстық құн	Әділ құны	Мойындалмаған кіріс/(шығыс)
2017 жылдың 31 желтоқсанына			
Қаржы активтері			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	7.046.982	7.046.982	–
Несиелік ұйымдардағы қаражат	21.671.412	16.650.563	(5.020.849)
Клиенттерге берілген несиелер	163.555.462	139.301.951	(24.253.511)
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	51.175.874	51.175.874	–
Басқа да қаржы активтері	545.151	545.151	–
Қаржылық міндеттемелер			
Акционердің алдындағы берешек	13.745.153	12.417.053	1.328.100
Несиелік ұйымдардың қаражаты	1.515.288	1.448.683	66.605
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	66.867.978	63.945.176	2.922.802
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	9.891.167	10.428.072	(536.905)
Басқа да қаржылық міндеттемелер	2.307.634	2.673.039	(365.405)
Іске асырылмаған әділ құндағы танылмаған өзгерістер жиыны			(25.859.163)
2016 жылдың 31 желтоқсанына			
Қаржы активтері			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	30.072.378	30.072.378	–
Несиелік ұйымдардағы қаражат	26.053.315	20.167.315	(5.886.000)
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	23.306.474	23.306.474	–
Клиенттерге берілген несиелер	135.725.198	116.381.309	(19.343.889)
Басқа да қаржы активтері	365.959	367.458	1.499
Қаржылық міндеттемелер			
Акционердің алдындағы берешек	13.361.704	11.061.781	2.299.923
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	51.648.620	52.046.590	(397.970)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	2.192.352	2.474.733	(282.381)
Іске асырылмаған әділ құндағы танылмаған өзгерістер жиыны			(23.608.817)

Төменде әділ құны бойынша осы қаржылық есептілікте бейнеленбеген қаржы құралдарының әділ құнын анықтау кезінде пайдаланылған әдістемелер мем мүмкіндіктер сипатталды.

Әділ құны шамамен баланстық құнына тең активтер

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер жағдайында, олардың баланстық құны шамамен әділ құнына тең болуы мүмкін. Бұл мүмкіндік талап еткенге дейінгі салымдарға, өтеу мерзімі белгіленбеген жинақ шоттарына да қолданылады.

Тіркелген мөлшерлемелі және қалқымалы мөлшерлемелі қаржы құралдары

Биржада баға берілетін борыштық құралдар жағдайында, әділ құн жарияланған нарықтық бағаға негізделген. Баға берілмейтін борыштық құралдар жағдайында, ұқсас несиелік тәуекел мен талаптардағы борыштық құралдар үшін өтеуге дейін қалған уақыт кезеңі ескеріле отырып ағымдағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағымдарының моделі қолданылады.

(мың теңгемен)

25. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау

Төмендегі кестеде күтілетін өтеу мерзіміне қатысты активтер мен міндеттемелер берілді. Корпорацияның дисконтталмаған шарттық міндеттемелері туралы ақпарат «Тәуекелдерді басқару» 23-ескертпесінде ашылған.

	2017 жыл			2016 жыл		
	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны
Қаржы активтері						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	7.046.982	–	7.046.982	30.072.378	–	30.072.378
Несиелік ұйымдардағы қаражат	4.056.828	17.614.584	21.671.412	6.968.241	19.085.074	26.053.315
Клиенттерге берілген несиелер	67.193.683	96.361.779	163.555.462	39.920.242	95.804.956	135.725.198
Сатуға арналған активтер	443.657	–	443.657	–	–	–
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	51.175.874	–	51.175.874	23.306.474	–	23.306.474
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	–	337.694	337.694	–	348.631	348.631
Негізгі құралдар	–	242.056	242.056	–	208.369	208.369
Материалдық емес активтер	–	230.959	230.959	–	193.681	193.681
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	39.453	–	39.453	205.713	–	205.713
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	–	1.744.732	1.744.732	–	1.459.287	1.459.287
Басқа да активтер	388.312	236.000	624.312	511.609	283.917	795.526
Активтер жиыны	130.344.789	116.767.804	247.112.593	100.984.657	117.383.915	218.368.572
Қаржылық міндеттемелер						
Акционердің алдындағы берешек	294.353	13.450.800	13.745.153	3.400.560	9.961.144	13.361.704
Несиелік ұйымдардың қаражаты	1.515.288	–	1.515.288	–	–	–
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	11.455.414	55.412.564	66.867.978	1.346.247	50.302.373	51.648.620
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	69	9.891.098	9.891.167	217	2.192.135	2.192.352
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	226.695	–	226.695	171.045	–	171.045
Басқа да міндеттемелер	1.025.413	1.282.221	2.307.634	622.563	–	622.563
Міндеттемелердің жиыны	14.517.232	80.036.683	94.553.915	5.540.632	62.455.652	67.996.284
Таза позиция	115.827.557	36.731.121	152.558.678	95.444.025	54.928.263	150.372.288

(мың теңгемен)

26. Байланысты тараптармен операциялар

24 ХҚЕС (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» сәйкес, тараптардың бірінің екіншінің қаржылық және операциялық шешімдеріне елеулі әсер ету немесе бақылау мүмкіндігі бар тараптар байланысты деп саналады. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелер жасауы мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланыспаған тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен талаптарынан ерекшеленуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Акционер арқылы Қоғам қызметін бақылайды.

Байланысты тараптармен операциялар көлемі, жыл сонындағы сальдо, сондай-ақ бір жылғы шығыстар мен кірістердің тиісті сомалары төменде көрсетілген:

	2017 жыл			2016 жыл		
	Акционер	Жалпы бақылау астындағы компаниялар	Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар	Акционер	Жалпы бақылау астындағы компаниялар	Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар
1 қаңтарда алынған несиелер	13.361.704	–	2.192.352	27.360.358	–	19.942
Алынған несиелер	4.924.242	–	12.731.935	45.519.031	–	3.890.000
Өтелген несиелер	(3.336.264)	–	(134.967)	(59.739.473)	–	(19.810)
Басқа да айырмалар	(1.204.529)	–	(4.898.153)	221.788	–	(1.697.780)
31 желтоқсанда алынған несиелер	13.745.153	–	9.891.167	13.361.704	–	2.192.352
1 қаңтарға шығарылған борыштық бағалы қағаздар	50.830.831	797.174	–	26.924.361	797.174	–
Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру	4.997.895	–	–	22.826.050	–	–
Басқа да айырмалар	129.796	–	–	1.080.420	–	–
31 қаңтарға шығарылған борыштық бағалы қағаздар	55.958.522	797.174	–	50.830.831	797.174	–
31 желтоқсанға басқа міндеттемелер	–	1.282.221	–	–	–	–
Алынған қарыздар бойынша пайыздық шығыстар	(950.193)	–	(641.611)	(1.552.760)	–	(120.111)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық шығыстар	(4.587.529)	(63.583)	–	(3.506.825)	(63.583)	–
Басқа міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар	–	(2.482)	–	–	–	–

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Акционерден алынған қарыздардың жылдық 4,5% бастап 11,63% дейін (2016 жылғы 31 желтоқсанға: жылдық 4,5% бастап 11,63% дейін) тиімді пайыздық мөлшерлемесі бар.

2017 жылғы 31 желтоқсанға мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан алынған қарыздардың жылдық 8,9% бастап 13,3% дейін тиімді пайыздық мөлшерлемелері бар.

Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2017 және 2016 жылдары негізгі басқарушы персонал 5 адамнан тұрды. Негізгі басқарушы персоналға сыйақыға келесі позициялар жатады:

	2017 жыл	2016 жыл
Жалақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер	88.494	78.032
Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	9.167	8.072
Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақыны жалпы сомасы	97.661	86.104

(мың теңгемен)

27. Капитал жеткіліктігі

Қоғам қызметіне тән тәуекелдерден қорғану мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Қоғам капиталының жеткіліктілігі, басқа әдістерден басқа, ҚРҰБ белгілеген коэффициенттерді пайдалана отырып бақыланады.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қоғам капиталға қатысты белгіленген барлық сыртқы талаптарды толық орындады.

Қоғам үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты капиталға қатысты сыртқы талаптарды сақтауынан және жоғары несиелік рейтинг пен қызметті жүзеге асыру мен акционерлік құнды максималдандыруға қажет капитал жеткіліктілігінің нормативтерін ұстап тұруды қамтамасыз етуден тұрады.

Қоғам өз капиталының құрылымын басқарады және экономикалық жағдайлар мен жүзеге асыратын қызмет түрлері тәуекелдерінің сипаттамаларындағы өзгерістерге орай оны түзетіп отырады.

ҚРҰБ банк қызметінің жекелеген түрлерімен айналысатын компаниялардан I-деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициентін (k1) активтердің кем дегенде 6% мөлшерінде; капитал жеткіліктілігінің коэффициентін (k1-2) активтердің және тәуекелді ескере отырып алынған шартты әрі ықтимал міндеттемелердің кем дегенде 6% мөлшерінде; және жалпы капитал жеткіліктілігінің коэффициентін (k1-3) активтердің және тәуекел мен операциялық тәуекелді ескере отырып алынған шартты әрі ықтимал міндеттемелердің кем дегенде 12% мөлшерінде қолдап тұрып талап етеді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ талаптарына сәйкес есептелген Қоғам капиталының жеткіліктілік коэффициенті былайша болды:

	<i>2017 жыл</i>	<i>2016 жыл</i>
Бірінші деңгейдегі капитал	145.409.627	147.334.428
Екінші деңгейдегі капитал	6.982.809	2.921.032
Капитал жиыны	152.392.436	150.255.460
Тәуекелді ескере отырып алынған активтер	193.652.341	192.931.226
Шартты және ықтимал міндеттемелер	19.059.244	28.592.471
Операциялық тәуекел	10.867.218	6.413.201
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1)	58,8%	67,5%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-2)	68,4%	66,5%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-3)	68,2%	65,9%

28. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2018 жылғы 22 қаңтарда Қоғам Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен 0,01% номиналды сыйақы мөлшерлемесімен 60.000.000 мың теңге сомаға № 9ПРЧ0906 Несие шартын жасады. Осы Несие шартының шеңберіндегі қаржыландыру 2018 жылғы 25 қаңтарда агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау бойынша іс-шараларды жүргізу мақсатында толық көлемде алынды.